

AINA

КҮН ТӘРТІБІНДЕ –
ШАРУАШЫЛЫҚ ЖАЙЫ

2-бет

KUN TARTIBI

ТҮРҒЫНДАР ТІЛЕГІ
ЕСКЕРІЛЕДІ

3-бет

A I M A Q

ӨНДІРІСТІ ӨЛКЕНІҢ
КЕЛЕШЕГІ – КЕМЕЛ

4-бет

QOŒAM

ЖАБЫРҚАҒАН
САРЫ ДАЛА

5-бет

МУЗЕЙДЕГІ ҚҰРЫЛЫС ҚАРҚЫНДЫ



Жезқазған қаласының әкімі
Қайрат Әбсәттаров Жезқазған
тарихи-археологиялық музейіндегі
жұмыс барысымен танысты.



Алдымен музейге қосалқы салынып жатқан ғимарат құрылысына атбасын бұрған ол, жұмыстардың сапалы орындалуын басты назарға алу қажеттігін ескертті. 2020 жылдың мамырында құрылысы басталған қосалқы ғимараттың көлемі – 518 шаршы метр. Онда қор сақтау қоймасы, көрермендерді қабылдауға арналған АКТ залы және қосымша кабинеттер орналасады. Құрылысқа жауапты мердігер – «Астанастройэнерго» ЖШС. Биыл мамыр айында пайдалануға берілетін нысанда бүгінде жұмыс көлемінің жартысынан астамы орындалған.

Одан әрі музей залына барып, тарихи экспонаттармен танысқан Қайрат Бектайұлы музей қызметкерлерінің өтініш-тілектеріне де құлақ түрді. Осы тұста ол музейге 2020-2021 жылдарға арналған «Жұмыспен қамтудың жол картасы» бағдарламасы аясында «Жаңа тұрмыс – 2012» мердігер компаниясы жүргізген ағымдық жөндеу жұмыстарымен де танысты.

Жезқазған тарихи-археологиялық музейі – қаламыздағы рухани құндылықтар үйлесім тапқан ерекше мекендердің бірі. Біз бұл жерден тек көне жәдігерлерді көріп қана қоймай, туған тарихымызбен тілдесуге мүмкіндік аламыз. Бүгінгі ұрпақ, әсіресе, жастар үшін ел болып қалыптасу жолында халқымыздың бастан кешкен тар жол, тайғақ кешулерін, олардың сол кездегі тұрмыс-тіршілігі мен өмір жолдарын білу өте маңызды. Му-

зей – бүгін мен өткенді байланыстырушы. Экспозиция залдарының тарлығынан экспонаттардың үштен бірі қор болмесінде сақтаулы. Қаламызда тағы бір өлкетану музейі болса артықтық етпесі анық, – деген Қайрат Бектайұлы мәдениет саласына, соның ішінде музей жұмысына әрдайым қолдау көрсетуге әзір екенін жеткізді.

Ақниет ТАҒЫБЕРГЕН

АСЫЛДЫҢ СЫНЬЫҒЫ

Жәлел ШУБАЙҰЛЫНЫҢ
өнегелі өмірдастанынан бірер сөз

Жәлел аға – Арқа өңірінде қалыптасқан сал-серілік дәстүрдің айтулы өкілі, сырнайын сақ-сақ күлдіріп, «әніме аспанда аққу айналатын» деп шабыттана шырқайтын күміс көмей әнші, соңына ойлы өлеңдер мен сырлы ән қалдырған даңқты ақын, дәуірлеген әнші Тайжан Қалмағамбетұлының ұрпағы. Әкесі Шубай – Қалмағамбеттен туған бес ұлдың біреуі (Тайжан, Шубай, Тойжан, Шалабай, Кұлжан). Ұлытау-Жезқазған өңірінің жұрты мен қазақ өнерінің жанашырлары саналатын өнерпаздық орта Жәкеңді асылдың сынығы деп бағалайды. «Тайжан ақынның көзі зой» деп қастерледі. Сол аяулы аға, алқалы топтың бетке ұстар азаматы, қоғам және мемлекет қайраткері Жәлел Шубайұлы Қалмағамбетов 2020 жылдың 23 желтоқсанында дүниеден озды. Аяйтын-туыс «асыл ағамыз бақилық болды» деп, жерлестері мен замандастары, өкшесін басқан бауырлары «дүниеден қайраткері ұл өтті» деп қайғырды, өнер, руханият саласында жүрген іні-қарындастары «өмірден Тайжан ақынның ұрпағы өтті, асылдың сынығы кетті» деп қара жамылды.

Жәлел аға 1934 жылы 18 наурызда Қарсақбай поселкесінде дүниеге келді. Бұл уақыт – Одақ экономикасының күретауындай болған Қарсақбайдың дүбірлі дәуренінің қызып тұрған кезі екен. Аудандық партия комитетінің өндірістің өзекті мәселелерін сөз еткен тұңғыш конференциясы, Қарсақбай ауданының құрылуы, Қарсақбай мыс заводы іске қосылып, алғашқы кара мыстың алынуы, Қарсақбайда аудан бойынша алғашқы орта мектептің ашылуы, «Қызыл кенші», «За медь» газеттерінің жарық көруі, мәдени-рухани өмірде де орын алған айтулы жаңалықтар – Жәлел аға дүниеге келген жылдардың арғы-бергі жағында болған ірі оқиғалар. Қарсақбай заводның жапан дүзді жаңғыртқандай гудогы бала Жәлелдің де арманын ұштаған болар деп топшылаймыз. Қазақ орта мектебін 1950 жылы ойдағыдай бітірген ол Мәскеу қаласына жол тартады. 1955 жылы Мәскеу түсті металлургия және алтын институтын тәмамдап, «тау-кен инженері» деген мамандықты алып шығады. Дипломы мен жолдамасы қолына тиген жас заман туған жеріне оралып, 18 жыл табан аудармай Жезқазған өндірісінде еңбек етеді. Осы он сегіз жыл Жәлел ағаның азаматтық ұстанымын бекітіп, қайраткерлігін танытқан жылдар болды. Бұл уақытта Жәкең 39 жастағы жігіт ағасы екен. Өзінің өмірдегі: «1955 жылдан 1973 жылға дейінгі аралықта кен шарушысы, ауысым бастығы, шахтаның учаске бастығы, кеніштің бас инженерінің орынбасары, кәсіподақ ұйымының төрағасы, партия ұйымының хатшысы дейтін жауапты қызметтердің сынынан өттім», – деп жазып қалдырған.

Жезқазған тау-кен металлургия комбинатының №44 шахтасы мен Анненск шахтасы – өркені өндіріс саласында өскен Жәлел ағамыздың қолтаңбасы қалған еңбек орны, Жәлел ағаның білімі мен іскерлігін дамытып, ұштаған өндіріс мектебі.

Жәлел Шубайұлының партия-кәсіпкерлік қарсаңындағы жемісті жылдары 1973 жылдан басталады. Осы жылы ол жаңадан құрылған Жезқазған облысының облыстық кәсіподақтар комитетінің төрағасы болып сайланады. Екі жылдан соң облыстық партия комитетінің хатшысы болып тағайындалады.

Жезқазған тау-кен металлургиялық комбинатының үлкен мектебінен өткен, өндірісте шыңдалған, басшылық қызметтерде іскерлігімен, ұйымдастырушылық қабілетімен танылған Жәлел аға 1977 жылы Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің Ауыр өндіріс бөлімінің менеджері болып тағайындалып, жауапкершілігі жоғары қызметке ауысады.

1979-1988 жылдар аралығында Қарағанды облыстық партия комитетінің екінші хатшысы болды. Елімізде аумағы жағынан болсын, өндіріс-шаруашылығы жағынан болсын ірі облыстардың бірі саналатын Қарағандыда өткен тоғыз жыл Қарсақбайдан қанаттанып ұшқан қайсар баланың қайраткер санатында танылған кезі десек, қателеспейміз. Ел басқарудың аса жауапты шараларының от пен сұйда шынығып өскен Жәкең облыстың саяси-экономикалық, әлеуметтік жағынан өркендей түсуіне тер төгіп, үлес қосты. Мұны замандастары, өкшелес бауырлары мақтанышпен айтады.

►► 5-бетте

ТӘУЕЛСІЗДІК – ҰЛТ БАҚЫТЫ, ҰРПАҚ БОЛАШАҒЫ



2021 жылдың 5 қаңтарында ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың Тәуелсіздіктің 30 жылдығына байланысты мақаласы жарияланды. «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» деп аталатын мақалада Мемлекет басшысы ел Тәуелсіздігінің жүзін өткен 30 жылғына қорытынды жасап, болашаққа бағдарды анықтап берді. Осы мақала төңірегінде қоғам қайраткерлері, ақын-жазушылар, ғалымдар, тарихшылар, жастар өкілдері өз ой-пікірлерін айтып, пікірлерін жазды. Мемлекет басшысы Қ.К.Тоқаевтың «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» атты мақаласынан кейін мен Тәуелсіздік – ұлт бақыты, ұрпақ болашағы деп ой түйіндедім.

Мақаланы оқыған кез келген қазақстандық еркіндік алған 30 жылдың тарихи белестері мен соқтықпалы-соқпақсыз жолдарына ойша көз жүгіртері сөзсіз. Сөйтіп, тәуелсіздіктің тегін келмегенін, оған жету жолы күрес жолы болғандығын, тәуелсіздіктің бәрінен қымбат екенін мойындайды. Өйткені 1991 жылдың желтоқсанында Қазақстан жұртын өлшеусіз бақытқа бөлей келген Тәуелсіздіктің арғы-бергі тарихы көпшілікке таныс. Оны са-

на таразысына салып, саралап, салмақтай аларлық білім бар көпшілікте. Ата-бабамыздың сан ғасыр бойы аңсаған тәуелсіздігі, еркіндігі оңайлықпен келген жоқ.

Еліміз үшін Кеңестік жүйе темір күрсау болды. Сол қатаң жүйенің ішінде жүріп елдің азаттығы үшін басын от пен оққа байлаған Алаш қайраткерлерінің ерлік күресі ұлттық рухтың қуатын танытқанын білеміз. «Тірі болсам, хан баласында қазақтың хақысы бар еді,

қазаққа қызмет қылмай қоймаймын», – деп серт берген Әлихан Бөкейханұлының маңына топтасқан алаштықтардың аңсары да азаттық болатын. Мемлекет басшысының мақаласында айтылған: «Алаш қайраткерлерінен тағылым аламыз. Олар өткен ғасырдың басында тәуелсіздік идеяларын халық арасында дәріптеуге зор еңбек сіңіріп, азаттық жолында құрбан болды», деген сөзі – осының дәлелі.

►► 3-бетте

БІЛІМ ЖҮЙЕСІ ЖАҢАША ҚАЛЫПТАСТЫ

30 жыл... Уақыттың тез және кешірлімдейтін жүзгірісі, ол өзінің ырғағы мен шапшаңдығына өмірдің барлық шындықтарын бағындырады, әлемнің мүлдем жаңа бейнесін жасайды. Бұл – қазақ халқының ғасырлық арманының айқын көрінісі, жаңа демократиялық қоғамдық институттарда, елдің саяси құрылымында, оның экономикалық дамуында көрініс тапқан демократия мен жалпы әлемдік құндылықтарға деген қуатты тарихи серпіліс болған жаңа қазақстанның жаңа бейнесі.



Орын алған түбегейлі өзгерістер жалпы әлемдік білім беру кеңістігінің үздік үлгілері негізінде өзіндік моделін, өзіндік бірегей даму жолын әзірлеуі тиіс отандық білім беру жүйесіне де әсер еткені сөзсіз. Отыз жыл бұрын қазақстандық білім беру оның идеологиялық ұстанымдары, идеялары, әдістемелік және дидактикалық әдістері бар Кеңес Одағының бір кездегі жалпы білім беру жүйесінің бір бөлігі ғана болды. Бұл жерде, басқа салалардағы сияқты отандық білім берудің өзіндік үйлесімді жүйесін құру қажет болды, ол бір жағынан қазақ халқының ғасырлық педагогикалық көзқарастарының, оның руханилығы мен өзін-өзі тануының лайықты қабылдаушысы болар еді, ал екінші жағынан, мүлде заманауи, уақыт рухы мен талаптарына толық жауап беретін үлгі, жалпы әлемдік білім беру технологияларының бірегей бөлігі болар еді.

Бұл жол оңай болған жоқ, көп нәрсе бірінші рет жасалды, қазақстандық ғалымдар, педагогтар, халықтық білім беру практиктері оқытудың жаңа тәсілдері мен стратегияларын іздеуде өз күштерін біріктіруге мәжбүр болды. Пікірлердің шексіз күресінде, үздік шешімдерді тынымсыз іздегіруде қазақстандық білім беру моделінің жаңа келбеті дүниеге келді. Онда бәрі өзгерді, барлық іргелі, бұрыннан орынққан көзқарастар басқа мағынаға ие болды.

Қазіргі уақытта ақпараттың жалғыз көзі саналып келген заманауи білім беруде оқушыларға сенімді және ақылды көмекші болған мұғалімнің ролі түбегейлі қайта қаралды.

Мұғалімнің мәртебесі туралы жаңа заңның, сондай-ақ педагог қызметкерлерге еңбекақы төлеудің жаңа жүйесінің, кәсіби шеберліктің, еңбек жетістіктерінің

өсуін ынталандыруға және педагогтың өзінің білім беру қызметін жетілдіруге бағытталған ұлттық аттестаттаудың жаңа жүйесінің арқасында мұғалімнің мәртебесіне деген терең құрмет өзгеріссіз қалды.

Заманауи мектеп жаңа, озық білім беру технологияларын енгізудің нағыз алаңына айналды. Еліміздің барлық педагогтары Кембридж университетінің бағдарламасы бойынша базалық деңгейлік курстардан және жаңартылған білім беру мазмұны бойынша курстардан тұратын көп деңгейлі дайындықтан өтті.

Озық тәжірибенің нағыз ретрансляторы, эксперименттік педагогикалық алаңы Назарбаев зияткерлік мектептері болды, онда үздік педагогикалық тәжірибе жинақталды, кейіннен ол Қазақстанның барлық басқа мектептеріне де таралды.

►► 3-бетте

Қазақстан Республикасы Президентінің 2016 жылғы 5 ақпандағы «Орталық атқарушы органдар басшыларының, әкімдердің, ұлттық жоғары оқу орындары ректорларының халыққа есеп беру кездесулерін өткізу туралы» №190 Жарлығына сәйкес 2021 жылдың 3 ақпанында Қарағанды облысы Жезқазған қаласы әкімінің тұрғындармен есеп беру кездесуі өтеді

№ п/п	Қаланың, селоның атауы	Әкімінің аты, жөні, тегі	Өткізілетін күні мен уақыты	Кездесу өтетін орны
	Жезқазған қаласы	Қайрат Бектайұлы Әбсәттаров – қала әкімі	3.02.2021 ж.	Онлайн, «Дидар» телеарнасы мен әлеуметтік желілерде тікелей эфир сағ.15:00

Жезқазған қаласы әкімінің тұрғындар алдында есеп беру кездесулері кезеңінде халықтың ұсыныстарын, ескертулері мен пікірлерін жинау мақсатымен төмендегі мекенжайларда 2021 жылдың 3 қаңтарынан бастап жәшіктер қойылды:

- Бейбітшілік даңғылы, 45, «Самади» дүкені.
- Марғұлан көшесі, 29 а, «Самади» дүкені.
- Пушкин көшесі, 5, «Юникс» дүкені.
- Кенгір селосы, Әуезов көшесі, 27, «ULY DALA» гипермаркеті.
- Абай көшесі, 93, «Самади» дүкені.

Жезқазған қаласы әкімінің кездесуі қарсаңында (2021 жылдың 3 қаңтарынан бастап жұмыс күндері дүйсенбіден жұмаға дейін сағат 09.00-ден 13.00-ге дейін, 14.30-дан 18.30-ға дейін) «Жедел желі» жұмыс істейді. Талап-тілектеріңіз бойынша көрсетілген телефонға хабарласуға болады: 8-710 21-73-66-08.

ЖЕЗҚАЗҒАН ҚАЛАСЫ ӘКІМІНІҢ АППАРАТЫ

SARYARQA-AҚПАРАТ

НҮР-СҰЛТАНДА ҮЙ ІШІНЕ ГАЗ ОРНАТУ ҚҰНЫ
30%-дан АСТАМ АРЗАНДАДЫ

Нұр-Сұлтанда үй ішіне тікелей газ орнату құны 30%-дан астам төмендеді. Елорда әкімдігі монтаждау жұмыстарының құрылысына маманданған жеке ұйымдармен бірнеше рет кездесу өткізді.

Осылайша, мысалы «Элия сервис» ЖШС үй ішінде газ өткізу құнын 240 мың теңгеден 150 мың теңгеге дейін төмендетті (37,5%-ға), «ҚазтрансГаз Аймақ» АҚ 123 мың теңгеге жуық және басқа да бірқатар жеке ұйым үй ішіне газ өткізу құнын арзандатты. Бұл сомаға газ жабдығы мен жиынтықтаушылардың құны кірмейді.

Естеріңізге сала кетейік, тұрғын үй алаптарында газ тарату желілерін, оның ішінде тұрғын үйлер бойындағы орамшылқ желілерді салумен Нұр-Сұлтан әкімдігі айналысады, ал үй ішіне тікелей жеткізуіне жеке ұйымдар жауапты.

Тұрғындар кез-келген мамандандырылған компанияны таңдауға құқылы. Жобаның әлеуметтік маңыздылығын ескере отырып, әкімдік жеке ұйымдармен монтаждау жұмыстарының құнын төмендету бойынша келіссөздер жүргізуде. Есептегіштердің өздері азаматтарға тегін беріледі.

Қаланы газдандыру үй кезең бойынша жүргізіледі. Биылғы жылыту маусымында Железнодорожный, Көктал-2, Агроқалашықтың бір бөлігі газға көшіріледі. Сонымен қатар, Көктал-1, Промышленный, Оңтүстік-Шығыс тұрғын алаптарында құрылыс-монтаждау жұмыстары жүргізілуде.

Аталған тұрғын алаптарда газбен жабдықтаудың ішкі желілерін жүргізген тұрғындар газға қосылу үшін «ҚазтрансГаз Аймақ» АҚ-ға жүгіне алады (Республика даңғылы, 24, «Парасат» БО). Бұл ұйым газбен жабдықтаудың ішкі желілерінің қауіпсіздігімен және тікелей қосылуын тексерумен айналысады, сондай-ақ одан әрі пайдалануға жауап береді.

Елорданы газдандыру – Елбасының тарихи жобасы. Ол экологияны жақсартып қана қоймай, жеке сектор тұрғындарының өмір сүру жағдайын айтарлықтай жеңілдетеді.

БІЛІМ БЕРУ САЛАСЫНДА ПСИХОЛОГТЕРДІҢ
ШТАТЫН КӨБЕЙТУ ҰСЫНЫЛДЫ

Парламент Мәжілісінің жалпы отырысында депутат Ерлан Саиров бала тәрбиелеудің ұлттық форматына қатысты Үкімет басшысы Асқар Маминнің атына сауал қойды.



– Қазақстан Республикасының басты құндылығы адам және адамның өмірі. Осы тұрғыда, «Nur Otan» партиясының сайлауалды бағдарламасында «Отбасын қолдау және нығайту – еліміздің табысты дамуының кепілі» деп айқындалған. Бүгінде, жаһандану процестерінен туындаған ақпараттар легінің еселеп өсуіне байланысты, халқымыздың рухани қолын сақтау, бала тәрбиелеудің ұлттық форматы деформацияға ұшырап барады. Адамды, дәстүрлі жанұя институтын қорғайтын уақыт жетті және кезек күттірмейтін маңызды мәселе, – деді Е. Саиров.

Оның айтуынша, «Nur Otan» партиясының сайлауалды бағдарламасының «Бақытты отбасы» пунктін іс жүзінде асырған кезде тиісті қадамдарға назар аудару қажет.

– Азаматтарға кешенді психологиялық көмек көрсету тетігін жақсарту, сонымен бірге, ата-аналарға құқықтық, рухани, әдістемелік қолдау көрсететін «Жанұяны қолдау орталықтары» институтын құра отырып, ата-ананы қолдау тетіктерін қарастыру өте өзекті. Бұл ретте балаларды қазіргі уақыттың талабына сай технологиялық бағытта ерекше ден қоя отырып, ұлттық дәстүрлі құндылықтар аясында оқушылардың адамгершілігі мен моральдік келбетін қалыптастыра отырып тәрбиелеу, балалар мен ата-аналарға қиын жолдан бірлесіп шығуға жол көрсету мәселесі алдыңғы қатарда болуы қажет. Азаматтардың өзінің ата-аналық миссиясын толыққанды орындауына жағдай жасау мақсатында Еңбек кодексінің баптары нақты орындалуы басты міндет. Ата-аналардың бала тәрбиелеуге уақыты, жауапкершілігі және қауқары болуы тиіс, – деді депутат.

Оның пайымынша, педагогтардың және ата-ананың балабақша, мектеп жасындағы балаларды ұлттық құндылық аясында тәрбиелеу функциясын кеңейткен абзал. Осы орайда балаларды тәрбиелеудегі мектеп пен ата-аналардың бірлескен жауапкершілігін арттыратын жаңа форматқа көшу өте маңызды. Психологтардың кәсіби дайындығының білім беру бағдарламаларының мазмұнын жетілдіру қажет.

– Білім және ғылым министрлігі балалардың дұрыс және тұрақты психосоциологиялық жан-жақты дамуының мазмұнды бірыңғай бағдарламаларын әзірлеуін қолға алғаны абзал. Жұмыс істеп тұрған Кешенді психологиялық қызметтердің тиімділігін арттырып, олардың жұмысына қоғамдық мониторинг жасай отырып, бағыт-бағдарын кең ауқымды қоғам бақылауында ұстаған жөн. Білім беру саласында психологтардың штатын көбейтуді ұсынамыз. Әлеуметтік желіде жасоспірімдерді суицидке итермелейтін ақпаратты жекеудің ұтымды тетігін қалыптастыру, тәуекелді жоғары балаларға алдын алу іс-шараларын жасаудың практикасын енгізу тетігін қарастыру өзекті, – деді Е. Саиров.

КОРОНАВИРУС ВАКЦИНАСЫ ҚАЛАЙ ЕГІЛЕДІ?

Денсаулық сақтау бірінші вице-министрі Марат Шоранов коронавирусқа қарсы вакцина қалай егілетінін түсіндірді.

Вакцинация екі кезеңнен тұрады. Алғашқы кезеңде 0,5 мл мөлшерінде салынады. Осыдан кейін екінші кезеңде 21 күннен соң 0,5 мл мөлшерінде екінші компонент салынады. Вакцина бұлшық еттің ішіне жіберу арқылы ғана егілетінін атап өту керек. Оны бұлшық етке салады. Иықтың сыртық бөлігіне егеді. Вакцинацияны салмас бұрын вакцина флаконы бөлме температурасында сақталуы керек. 0,5 мл дозаны алатын бірреттік шприц қолданылады. Жылытылған флаконнан 3 мл-ға дейін дозаны алуға болады. Яғни бір флакон 5 адамға дейін жетеді, – деді Марат Шоранов ОКҚ-да өткен баспасөз мәслихатында.

Еске сала кетсек, бұған дейін Марат Шоранов вакцинация жүргізер алдында азаматтардың дене температурасы өлшеніп, жүрек-қан тамыр жүйесін аускультациялау және жүтқыншақты тексеру шаралары жасалатынын айтқан еді. Егер температура 37°C-тан асса, вакцинация кейінге қалдырылады.

МҮЛІК ИЕЛЕРІ БІРЛЕСТІГІНЕ КӨШУ МЕРЗІМІ
ӨЗГЕРМЕЙДІ

Елімізді пәтер иелері кооперативтерінің мүлік иелері бірлестігіне немесе жай серіктестіктерге көшу мерзімі өзгермейді. Бұл туралы «Қазақстанның тұрғын үй-коммуналдық шаруашылықты жаңғырту және дамыту орталығы» АҚ басқармасы төрағасының орынбасары Нұрбек Серіков айтты.

Қабылданған заңға сәйкес 2021 жылдың 7 қаңтарына дейін пәтерлердің, тұрғын емес үй-жайлардың меншік иелері жиналыс өткізіп, мүлік иелері бірлестігін немесе жай серіктестікті таңдау тиіс болатын. Алайда елдегі қазіргі санитарлық-эпидемиологиялық ахуал меншік иелерінің жиналыс өткізуіне кедергі келтіргені сөзсіз. Осыған орай COVID-19-ды таратпау мәселелері жөніндегі ведомствоаралық комиссияның ұсынысымен жиналыстарды өткізу мерзімін кейінге шегеру туралы шешім қабылданған, – деді ол Орталық коммуникациялар қызметіндегі баспасөз мәслихаты барысында.

Оның атап өтуінше, мүлік иелері бірлестігіне не жай серіктестікке толық өту мерзімі еш өзгеріссіз қала береді.

2022 жылдың 1 шілдесіне дейін басқарудың барлық ескі түрлері – пәтер иелері кооперативтері, пәтер иелерінің тұтынушылық кооперативтері, тұтынушылық кооперативтер жаңадан құрылған мүлік иелері бірлестігі мен жай серіктестіктерге барлық техникалық, қаржылық және өзге де құжаттарын актіге сәйкес беруі тиіс әрі Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалған тәртіппен жойылуы керек, – деді Нұрбек Серіков.

ҚОҒАМДЫҚ КЕҢЕС

КҮН ТӘРТІБІНДЕ –
ШАРУАШЫЛЫҚ ЖАЙЫ

Жезқазған қаласының қоғамдық кеңесі 2021 жылдың алғашқы отырысын онлайн форматында өткізді. Күн тәртібінде қоғамдық кеңестің биылғы жылғы жұмыс жоспары мен коммуналдық салаға қатысты берілген ұсыныстардың орындалысы тыңдалған жанына қала басшысы Қайрат Әбсаттаров қатысты.

Қоғамдық кеңестің жұмыс жоспарына бүгінде мысты өлкеде өзекті деген қаланы жасылдандыру мен абаттандыру, мектептердегі педагог мамандардың тапшылығын жоюдың жол картасын жасау мәселелері қамтылыпты. Одан бөлек, өңір ақсақалдарының өтініші бойынша мұсылмандардың қабірістанын күтіп ұстау, жерлеу рәсімін өткізуді ұйымдастыру да жоспарға енгізіліпті. Жоспарды таныстырған қоғамдық кеңестің төрағасы Сағұндық Қожамсейітов қала әкімінің орынбасары Қайрат Бапановқа сөз кезегін берді.

Ол өз кезегінде қоғамдық кеңес тарапынан жүктелген міндеттемелердің орындалысы туралы баяндады. Жезқазған қаласында іссіз қалған электр желілері мен жылу, ыстық су мен ауызсу құбырлары барын бұған дейін де жазған едік. Оларды тиісті мекеменің балансына өткізуге қалалық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі мен автомобиль жолдары бөлімі жауапты. Аталған жұмысты аяқтау мерзімі де белгіленген. Дегенмен, жылумен, сумен жабдықтау кәсіпорны Бекболатсай мен Қостанкелді елді-мекеніндегі құбырларды өз балансына алу-дан бас тартқан. Кәсіпорында сенімгерлікпен басқаратын «Қазакмыс» корпорациясы» ЖШС басшылығына хат жаздық дегенді алға тартқан Қайрат Бапанов ұзындығы 25 шақырым болатын электр желісін маусымға дейін электр желілері кәсіпорны балансына өткізетініне сендірді.

Қаланың көшелері мен жолдары да күтіп ұстауды қажет ететіні белгілі. Осы мақсатқа жылда қомақты қаржы қарастырылады. Мысалы, биылғы жылға қала бюджетінен 190 млн бөлініп отыр. 2020 жылы аталған бағыттағы жұмыстар тиісінше атқарылмай, конкурста мердігер атанған «Құсайын жолдары» ЖШС тапсырыс беруші қалалық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі мен автомобиль жолдары бөлімі сотқа берген. «Жұмысты жасадық», «жа-самалды» деген тараптардың тартысына қандай нүкте қойылатынын болжау мүмкін болмай отыр. 2021 жылдың қаңтары мен ақпанында қаладағы 53 көшенің жолдарын қардан тазартып, түз бен құм себу жұмыстары «Инабат Строй Гарант» ЖШС-ға жүктеліпті. Бүгінде кәсіпорында 53 жұмыскер барын жеткізген ЖШС атқарушы директоры Мұратбек Мылтықбаев өзіне тиесілі арнайы техниканың жоқтығын мойындады. Техниканы жалға алатынын айтқан ол бұрынғы қалалық автокөлік жолдары басқармасының техникасын пайдаланып жүргенін де мойындады.

Осы ретте қоғамдық кеңес мүшелері мен қалалық мәслихаттың хатшысы Советбек Медебаев өз жұмысын тоқтатқан қалалық автокөлік жолдары басқармасының техникасы неге уақытты мемлекеттің меншігіне өтпей, талан-таражға түскенінің себебін сұрады. Сұраққа толыққанды жауап бермесе де тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі мен автомо-



бил жолдары бөлімінің басшысы Ержан Есетов алдағы күндері ұстағанның қолында, тістегеннің аузында кеткен техниканы жинастыруға сөз берді.

Алдағы уақытта қоғамдық кеңестің мүшелері әр мемлекеттік мекеменің конкурстық комиссиясы құрамына енгізілсе деген ұсынысын білдірген төраға жаңадан тартылып жатқан ауыз су желісін іске қосу туралы ақпарат ұсынуды қала әкімінің орынбасары Қайрат Бапановтан сұрады. Жұмыс соңында сөз алған қала әкімі қоғамдық кеңесте көтерілген мәселелердің барлығы орынды екенін тілге тиек ете келе, тұрғындардың өмір сүру сапасын жақсартуға тікелей байланысты мәселелерді шешуде күш біріктіру қажеттігін айтты.

Диана ОРАЗАЛИНА

COVID-19

Бүгінгі эпидемиологиялық ахуал тұрғындар арасында түсіндіру жұмыстарын жүргізу әлі де қажет екенін көрсетеді. Көпшілік масканы режимді сақтауға тырысқанымен оқишаулануды құп көрмейді. Қазір қоғамдық орындарда адам қарасы көп. Тиісінше, адам көп шоғырланған жерде вирус та, инфекция да тез тарай, көбейеді. Осы ретте жезқазғандық медициналық мекемелер, оның ішінде отбасылық-дәрігерлік орталықтар әлеуметтік желілерді пайдалана отырып, тұрғындарға түсіндіру жұмыстарын күшейте түсті.

Осы аптада «Тильман» отбасылық-дәрігерлік амбулаториясының фельдшерлері Арайлым Бұрханова мен Медет Жанғабылов тікелей эфирге шығып, желі қолданушыларын сақтық шараларын күшейтуге шақырды. Сонымен бірге, коронавирус инфекциясының алдын алу үшін жасалуы тиіс қадамдарды таныстырып, ауыр індетті тұмаудан ажырата білуді нұсқады.

ОНЛАЙН ФОРМАТТА
ТҮСІНДІРДІ

Жас фельдшер Арайлым Бұрханова коронавирус инфекциясының балалар арасында таралуына басымдық берді. Ол ата-аналарға вирустың болжамды белгілері тізбектеп берді. Атап айтар болсақ, балаларда көбінесе жоғары дене температурасы, жөтел мен диарея, тамақтың ауырсынуы мен құсу белгілері орын алады. Көп жағдайда балалар вирусты ересектерге қарағанда тез жөнелі екен. Дегенмен, баланың иммунитеті төмендеп, оның созылмалы жүрек пен бүйрек аурулары немесе диабеті бар болса, індеттен айығу уақыт пен жігерді қажет етеді. Бұл ретте «Ауырып ем іздегенше, ауырмайтын жол ізде» деген халық даналығы орынды айтылған.

Үлкендер барынша бауыр еті баласын қауіпті дерттен қорғауы керек. Ол үшін қарапайым санитарлық талаптар орындалуы тиіс. Бүгінгі таңда әр саналы ата-ана

баласына қолды дұрыс жуу, дұрыс түшкіру техникасын үйретуі қажет. Онымен бірге, балалар антисептикті жиі қолданып, қоғамдық орындарда масканы шешпеуге, аузы мен мұрнын, көзін қолымен ұстамауға дағдылануы шарт. Осы талаптарды үйретіп қана қоймай, олардың сақталуын қадағалауға баса назар аудару қажеттігін алға тартқан фельдшер үлкендер вирусты жүктелген зор міндеттерді сезіне отырып, балаларын көпшілік орындарға апармауға, үйді күніне 1-2 рет желдетіп, дезинфекциялық құралдармен бөлме мен ойыншықтарды жууға кеңес берді. Сонымен қатар, дәруменге толы асмәзірі мен күнделікті денені ынықтыратын жаттығуларды орындау да маңызды. Бала ауыра қалса, міндетті түрде дәрігерге қаралып, маман белгілеп берген дәрі-дәрмекті қабылдауы қажет.

Медет Жанғабылов тұрғындарға вирусқа қарсы ескені алу – ін-

деттің тырнағына ілінуден сақтайтынын жігі түсіндірді. Желі қолданушылары вирусқа қарсы екі ерікті түрде салынатынын, оның ішінде бірінші кезекте коронавирус инфекциясымен сырқаттанған науқастарға көмек көрсететін медицина мамандары егілетінін ұғынды. Вакцинаның шығу тарихынан бұған дейін кімге салынғанынан хабардар болған тұрғындардың көкейіндегі «екпе вирусты жұқтырады» деген күдігі сөйілгендей болды.

Қазір әлеуметтік желі дәлелі мен дәйегі жоқ жалған ақпараттың тарауы жиілеген. Оны оқып, бірақ еш сараламаған тұрғындар желі сөзге еріп, вирустың барына сенбей, екепке қарсылық танытып жатады. Сондықтан, тұрғындар арасында ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын жүргізу қажет. Сонда ғана тұрғындардың сауаттылығы артып, вирусты тоқтату мүмкін болмақ.

Бота ШАЛҚАР

2020 жылы «Тракторларды және олардың базасында жасалған өздігін жүретін шассилер мен механизмдерді, монтаждалған арнайы жабдығы бар тіркемелерді қоса алғанда, олардың тіркемелерін, өздігін жүретін ауыл шаруашылығы, мелиоративтік және жол-құрылысы машиналары мен механизмдерін, сондай-ақ жүріп өту мүмкіндігі жоғары арнайы машиналарды жыл сайынғы мемлекеттік техникалық байқаудан өткізу»

КЕСТЕСІ

№	Мекемелер мен кәсіпорындар аттары	Техникалық байқаудан өткізу күні
1	«РОКАДА» ЖШС, «Ремстрой» ЖШС	Қаңтар 2021 ж.
2	«ЖРЭК» АҚ, «Capital NRG» ЖШС, «Спец Авто №1» ЖШС	Ақпан 2021 ж.
3	«Жезказганская распределительная электросетевая компания» АҚ, «Промтехника Казахстан» ЖШС	Ақпан 2021 ж.
4	«ТИМ и К» ЖШС, «Э-Бика» ЖШС, «Қазакмыс Дистрибушн» ЖШС	Наурыз 2021 ж.
5	«Горэлектросеть» АҚ, «Нұрым» ЖШС, «Доулет құрылыс» ЖШС	Сәуір 2021 ж.
6	«Казгидромаш» ЖШС, «ПМК-2011» ЖШС, «Нұрагро Құрылыс» ЖШС	Сәуір 2021 ж.
7	«Сары-Жайлау» ЖШС, «АйырТауАгро» ЖШС, «Манас KZ» ЖШС	Мамыр 2021 ж.
8	«Azlat-Stroi» ЖШС, «Өмір-бірлік» ЖШС, «Жезказганское общество охотников и рыболовов» ҚБ	Маусым 2021 ж.
9	«Жезказған қаласының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автокөлік жолдары бөлімі» ММ «KZЦентр» ЖШС, «ЖНУ» «КазТрансОйл Восточный филиал» АҚ	Шілде 2021 ж.
10	«KEMENGER», «Лаборатория энергосбережения» ЖШС, «Барс» ЖШС,	Тамыз 2021 ж.
11	«Сары-Арка» ЖШС, «Қуат Строй» ЖШС, «Tranco Zhezkazgan» ЖШС	Тамыз 2021 ж.
12	«Племптицторг», «Евротехсервис Ю», «Қазакмыс Drilling, «Лик Ютария LTD», «ТехноГруппСервис» ЖШС-і	Қыркүйек 2021 ж.
13	«Дорожник» ӨК, «Достар-ПВ» ЖШС, «Құсайын Жолы» ЖШС, «Лифтремонт» ӨК, «ПО Navator» ЖШС, «Жалтырбұлақ» ЖШС, «Ұлытау нан» ЖШС, «Предприятие тепловодоснабжения» АҚ	Қазан 2021 ж.
14	«С и ЖЕСТ», «Aashorken», Жезказгацветмет» ЖШС-і, «Авиаккомпания Жезказған – эйр» АҚ	Қараша 2021 ж.
15	«ЖСЖК» АҚ, «GRP-Азия» ЖШС	Желтоқсан 2021 ж.
16	«Алмас Құрылыс Kazakhstan» ЖШС	Желтоқсан 2021 ж.
17	Қала тұрғындарымен басқа да мекемелер және Мапшыбай, Кенгір, Талап ауылдары.	Жыл бойы

Мекенжай: Жезказған қ., Алаш даңғылы, 1, 401-каб. Тел.8(7102)712040

«Жезказған қаласының кәсіпкерлік және ауыл шаруашылық бөлімі» ММ

ЖЕЗҚАЗҒАН ҚАЛАСЫНЫҢ
ҚОРҒАНЫС ІСТЕРІ БАСҚАРМАСЫ ХАБАРЛАЙДЫ

Азаматтар төмендегі мемлекеттік қызмет көрсету тәсілдерін «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» коммерциялық емес акционерлік қоғамы және www.egov.kz электрондық үкімет веб-порталы қызмет арқылы жүзеге асыра алады:

1. «Әскерге шақырылушыларға әскерге шақыру учаскелеріне тіркеу туралы куәліктер және куәліктердің телнұсқаларын беру».
2. «Запастағы офицерлерге, сержанттарға, сарбаздарға әскери билеттер

(әскери билеттердің орнына уақытша куәліктер) немесе олардың телнұсқасын беру».

3. «Әскери міндеттілер мен әскерге шақырылушыларды әскери есепке қою және одан шығару».
4. «Азаматтың әскери қызметке қатынасы туралы анықтамалар беру».
5. «Қазақстан Республикасының тыс жерлерге тұрақты тұру үшін шығатын азаматтарға анықтамалар беру».
6. «Әскери қызмет өткеруді растау туралы анықтамалар беру».

ТӘУЕЛСІЗДІК – ҰЛТ БАҚЫТЫ, ҰРПАҚ БОЛАШАҒЫ



(Соңы. Басы 1-бетте).

ҚАЗАҚСТАН

Тәуелсіздік жылдары Президентіміз айтқандай, «...Біздің бабаларымыз «Ақтабан шұбырынды, Алқақол сұламан», аталарымыз алапат ашаршылықты, қуғын-сүргінді, дүниежүзілік соғысты көрді», бірақ осы қасірет, қиындықтардың сұмдығын басын кешкен ұрпақ азаттығын бір мезет те естен шығармады. Ұлы арманға жетеміз деген рух іште бүрк-сарқ етіп қайнап жатты. Осыдан 35 жыл бұрын өткен Желтоқсан көтерілісі сол рухтың сілкінісі, ыза-кектің жарылысы еді. Осы сілкінісі, осы жарылыстан кейін 5 жыл өткен соң дүниежүзілік саяси карта бетінде Қазақстан Республикасы деп аталатын мемлекет пайда болды. Бұл – бір кездері Одақ құрамындағы он бестің бірі болған ел емес, тәуелсіз Қазақстан еді. Содан бергі отыз жыл – тәуелсіз Қазақстан Республикасының жаңа тарихы.

Президентіміз осы жаңа тарихты әрқайсысы он жылды құрайтын үш кезеңге бөлген. Үш кезеңнің аясында атқарылған алапат істер тілге тиек болған. Мақаланы оқып отырған әрбір патриот қазақандық еліміздің «Қазақ Кеңестік Социалистік Республикасы» деген атауының тарих қойнауына кетіп, «Қазақстан Республикасы» деген атауға ие болып, оның тәуелсіздігі туралы Конституциялық Заңның қабылданғанынан бастап, осы кезеңге дейінгі аралықтың небір саяси-экономикалық, әлеуметтік, мәдени-рухани өзгерістерге толы екенін жан-тәнімен түсінетініне сенемін.

Мақаладағы мына бір жолдарға назар аударайықшы. «Азаттығымыздың айшықты белесіне шыққанда әрбір саналы азаматты «Отыз жылда біз қандай жетістіктерге жет-

тік?», «Келер ұрпаққа қандай елді аманаттаймыз?», «Мемлекеттімізді нығайта түсу үшін тағы не істейміз?» деген сауалдар толғандырары анық», – дейді мақала авторы. Біздің ойымызша, осы үш сұрақ та елдің бүгінгі мен ертеңіне, ұлттың тағдарына қатысты маңызды сұрақ. Бұл сауалға әрбір қазақстандық ойлап, жауап іздеуі тиіс және ол жауаптар бір арнаға құйылып жатуы қажет.

Бақыт сол, тәуелсіздікке қолымыз жетті. Ал осы тәуелсіздіктің баянды болмағанына, мәңгілік болмағанына кім жауапты? Әрине, Отанын, ұлтын сүйетін әрбір қазақстандық бұл жауапкершіліктен тыс қала алмайды. Сонда не істеуіміз керек? Мақалада осы сауалдардың жауаптары да ашық, айқын көрсетілген.

Бүгінгі жеткен жетістікті еселі ететін сергек сана, жүйелі ой, сапалы білім, рухани тамыры мол тәлім-тәрбие деп білемін. Отанын жан-тәнімен сүйген әрбір қазақстандық еліміздің көркеюіне, кең қанат жаюуына толассыз үлес қосуы керек. Тарихыңды таны, бабалар рухына қарап бойыңды тікте дегім келеді.

Мақалада үш қасиетті құндылық айтырықша екіпінмен айтылады: олар – жер, тіл, бірлік. Тәуелсіздіктің мәңгілік болмағанына қалтқысыз қызмет ететін күш – осы үшеуіне деген шынайы махаббат. Мақаладан осындай ой түйеміз.

XX ғасырдың басындағы қиын-қыстау кезеңнің өзінде Әлихан Бөкейхан: «Тірі болсақ, алдымыз – үлкен той. Алаштың баласы бұл



Зина АҚЫЛБЕКОВА,
Жезқазған қаласы әкімінің орынбасары

жолы болмаса, жақын арада өз тізгіні өзінде бөлек мемлекет болар! ...Бостандыққа апаратын жалғыз жол – ұлттық ынтымақ қана», – деп зор сеніммен болжағаны белгілі. Сол азаттыққа XX ғасырдың соңына таман қол жеткіздік. Енді алдымызда, аса жауапты міндет тұр. Ол – сол тәуелсіздікті мызғымастай берік етіп бекіту.

Ел Президенті айтқандай, «Тәуелсіздік бәрінен қымбат». Ал бәрінен қымбат бәйлікті баянды ету, тәуелсіздік құндылықтарын сақтай білу басты міндетіміз. Бірілігіміз бекем, тірлігіміз берекелі болсын! Отанымыз – Тәуелсіз Қазақстанымыз өркендей берсін!

БІЗДЕГІ БЕЙБІТШІЛІК – ЕГЕМЕНДІКТІҢ ЖЕМІСІ



1991 жылғы 16 желтоқсан – барша қазақ халқының мәңгі есінде кешегідей сақталған ерекше күн. Дәл осы күні Көк бөрілі елдің газырлар бойы армандаған мақсат-мұраты, арман-тілегі ақиқатқа айналды. Ашық аспан астындағы күншуағы мен қалықтай ұшқан самұрық құсы бар Көк Байрағымыз биікке көтеріліп, міне отыз жыл бейбітшілікке желбіреп тұр.



«Тәуелсіздікпен бірге біз елдік дәстүр мен мемлекеттік мәдениетті жаңғырттық. Осылайша, төркіл дүниені ат тұяғымен дүбірлеткен даңқты бабалардың «Мәңгілік Ел» мұратын қайта жалғадық. Тегеуріні берік, тепкісі қатты заманда тең жарымынан айрылған халқымыз ана тілінен, қасиетті дінінен көз жазып қала жаздады. Дегенмен, соның бәрі халқымыздың рухын жасыта алған жоқ, азаттыққа деген ансарын жеңе алмады» деп Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев айтқандай, Тәуелсіздікпен бірге ұлан-ғайыр қазақ даласына еркіндіктің, жаңа мүмкіндіктердің, бір сөзбен айтқанда өзгеше әлемнің есігі ашылды. Отыз жылда талай-талай игілікті істер атқарылды. Соның есте қаларлығының бірі – Есіл жағасында жаңа ел астанасының бой көтеруі. Бүгінде Нұр-Сұлтан атауына ие болған алып шаһар-

дың миллионнан аса тұрғыны бар. Одан бөлек еліміз осы жылдар аралығында түрлі әлемдік маңызы бар халықаралық ұйымдарға мүше болды. Қаншама дүниежүзі көлеміндегі саяси, ғылыми, мәдени іс-шаралар қазақ жерінде ұйымдастырылды. Айта берсек, мақтанар дүние жерлерік. Дегенмен, алда атқарылар шаралар легі бұдан да көп.

Қазақстан – әлемдегі көп ұлтты халықтардың басын біріктіріп, тату-тәтті ұйыта ұстап отырған санаулы мемлекеттердің бірі. 130-дан астам ұлт пен ұлыс өкілі тұратын жас мемлекет үшін татулық, тұрақтылық аса маңызды. Міне, содан бері еліміз тек Орта Азиядағы ғана емес, бүкіл әлем бойынша көш бастап келеді.

Отыз жылдық торқалы тойды көп есінде сақталардай сән салтанатымен қарсы алғы-

мыз-ақ келер еді. Бұған әзірге әлемді жайлаған ауыр дерт кездері болып тұр. Әйтсе де көшедегі сауықтан, көңілдегі мереке әлдеқайда артық емес пе?! Мен өз елімінің патриоты ретінде отыз жылдық осынау ұлы тойды әрбір қазақстандық жүрегімен сезініп, терең тебіреніспен қарсы алса деген тілектемін. Сол үшін де бүгіннен бастап отбасында, балабақшалар мен мектепте, мектептен кейінгі білім беру орталықтарында рухани тәрбиені молайтып, елді сүйер ерен азаматтарды тәрбиелеуге баса назар аударғанымыз жөн. Неде болса «Отан – отбасынан басталады» деп дана халқымыз бекер айтпаса керек-ті.

Отыз жылдықпен алға қойған межелер де нақтылана берері сөзсіз. Осы тұста білім беру, денсаулық сақтау, ауыл шаруашылығы салаларына баса назар аударылғаны жөн. IT-саласын дамытуды да аумтағанымыз абзал. Жемқорлықтан ада ел ғана биіктерді бағындырып, үздіксіз дамиды һәм мәңгі жасайды. Осы тұста бүгінгі қоғамның аса ауыр дертіне айналған паракорлық мәселесінің алдын алу мен жоюды да жолға қоюымыз керек және Заңды да қатаңдатқанымыз дұрыс деп ойлаймын. Бұл жерде де барлығы келіп, отбасындағы тәрбиеге тіреледі. Тал бесіктен берілер тәрбиені түзесек, келешекті де кемелдендіреміз.

Мен елімінің болашағының жарқын, Тәуелсіздігінің мәңгі болуын қалаймын. Осы жолда аянбай еңбек ете берерім де сөзсіз. Адал еңбекпен, елім, жерім, Отаным, қазағым деген жүректен күн кешес қана, түгініміз тұзу ұшып, егемендігіміз баянды болары хақ.

Нүрия НИГМАТУЛЛИНА,
«Дуслық» татар-башқұрт бастамашыл тобының мүшесі



ҚАЗАҚСТАН

(Соңы. Басы 1-бетте).

Еліміздің педагогикалық қоғамдастығы барлық жаңалықтарға түсіністікпен қарады, өйткені бүкіл жүйені модернизациялау қажеттілігі, оның терең өзгерістерге бағытталғандығы, оқыту философиясының өзін қайта қарастыру қажеттілігін түсінді. Бұл жерде ең алдымен оқышылдың бойында бәсекеге қабілетті құзіреттіліктерді қалыптастырудың маңыздылығы артты.

Дәл осы құзыреттер бірінші кезекте оқышылдардың функционалды сауаттылығының ауқымды түсінігін біріктірген практикалық қолданудың ұзақ мерзімді перспективасына бағытталған қазіргі заманғы білім берудің негізіне айналды.

Қазіргі заманауи оқыту мен оқуда бүгінгі күннің басты талабына айналған ақпараттық коммуникациялық технологияларды кеңінен қолдануға мүмкін емес.

Диалогтік оқыту, оқышылдардың сыни ойлауын, білімді талдау және жинақтау біліктерін қалыптастыруға, олардың негізінде жаңа құзыреттіліктерді, іскерліктер мен дағдыларды алуға бағытталған түрлі білім беру стратегияларын пайдалану мектептердегі білім беру үрдісінің негізіне айналды.

Ұлттық білім беру моделі мектепке дейінгі оқытуды, жалпы орта білім беруді, колледждердің кәсіптік даярлығын және жоғары оқу орнынан кейінгі білімді қоса алғанда, жоғар-

БІЛІМ ЖҮЙЕСІ ЖАҢАША ҚАЛЫПТАСТЫ

ры білімді қамтитын шынымен үздіксіз және жүйелі бола бастады.

Сондай-ақ, өзін-өзі басқару құқығына ие болған орта және жоғары оқу орындарының басшыларының, әкімшілігінің көзқарасы мен рөлі өзгерді, олар қабылданған шешімдерге толық жауап беретін жаңа типтегі нағыз білім беру менеджерлері. Бұған мектеп директорлары мен олардың орынбасарлары үшін арнайы дайындық курстары ықпал етті. Осындай маман нелерінің кәсіби шеберлігін арттыруда олардың маңдай тері еңбектерінің жемісін көруге көмегін тигізетін педагогтердің атқарар еңбегі қашанда ауқымды, маңызды, қажетті және жауапты іс болып қала бермек.

Қазіргі білім беру саласы коронавирустық инфекция пандемиясы кезінде білім беру үлесіне түскен күрделі сынақтарға төтеп бере алатын сапалы, одан да жоғары деңгейге ие болды десем артық айтпаған болар едім. Қазіргі пандемия және соның салдарынан туындаған дағдарыс бүкіл әлемнің бұрын болмаған жаңа сынақтармен бетпе-бет келіп отырғанын анық көрсетті. Сондықтан, жаңа заманның жақсы-жаманын ескеп, артықшылықтарын бойға сіңірумен қатар, тамырымызды берік сақтауымыз қажет. Ұлттық болмысымыздан, төл мәдениетіміз бен салт-дәстүрімізден ажырап қалмау – барлық өркеннеттер мидай араласқан аласапыранда жұтылып кетпеудің бірден бір кепілі.

Барша отандастарыма, әсіресе, жас буынға айтарым: кең байтақ Қазақстанды



Маратбек ТӨРЕБЕКОВ,
Жезқазған қаласы «№9 мектеп-интернаты» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің басшысы

ҚАЛА ӘКІМІНІҢ ЕСЕБІ ҚАРСАҢЫНДА ЖАҢА ЖОБАЛАР – ДАМУ КЕПІЛІ

Жыл сайынғы Жезқазған қаласына қарасты ауыл әкімдерінің есебі биыл Кеңір селолық округінен басталды. Жезқазған қаласының әкімі Қайрат Әбсаттаров қатысқан жиында аталған округтің әкімі Қанат Жанпейісов 2020 жылы атқарылған жұмыс легімен таныстырды.

Жалпы аумағы 272706 гектарды алып жатқан, құрамына Кеңір селосы, Теректі, Түйеойнақ стансалары, Қорғанбай ауылы және 7 бекет кіретін Кеңір селолық округінде бүгінде 3498 тұрғын бар. Селолық округтің өткен жылғы бюджет көлемі 78 млн 245 мың теңгені құрады. Оның 39 млн 396 мың теңгесі селолық округтің дамуына бағытталған. Ауылдық округ әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтерге 38 млн 849 мың теңге бөлінсе, 5 млн 950 мың теңгеге елді-мекендердегі көшелер жарықтандырылған. Ал 2 млн 143 мың теңге автомобиль жолдарын күтіп ұстауды қамтамасыз етуге жұмсалған.

«Өңірлерді дамыту» бағдарламасы шеңберінде «Өңірлерді экономикалық дамытуға жәрдемдесу бойынша шараларды іске асыру» бағдарламасы бойынша 2 млн 429 мың теңге бөлінген. Елді-мекендерді абаттандыру мен қалғандыруға 3 млн 715 мың теңге кетсе, санитарлық тазалықпен қамтамасыз етуге 5 млн 983 мың теңге жұмсалған. Округтің тірлігінің жандануына 2020-2021 жылдарға арналған «Жұмыспен қамтудың жол картасы» бағдарламасының септігі мол тиген. Бұл бағдарлама аясында 8 жоба іске асырылды. Соның нәтижесінде Теректі стансасына 54, Кеңір селосына 18 жарықтандыру тірегі орнатылды. Сондай-ақ, Кеңірде 58 жарық диодты шам ауыстырылды. Оған қоса балалар алаңы кішкентай тұрғындардың игілігіне берілді. Су және көріз құбырларына да жөндеу жұмыстары жүргізілді. Теректі стансасындағы ауылдық клуб жаңа кейіпке еніп, күрделі жөндеуден өтті және жаңа мектеп құрылысы да басталды.

Ауылдық жерлерде жайлы өмір сүру ортасын құру үшін көшелерді абаттандыру негізгі міндеттердің бірі болып табылады. Кеңір селосын одан әрі абаттандыру мақсатында саябақ аумағында спорттық-сауықтыру алаңы орнатылды. Аталған жобаны «Телеуов» жеке кәсіпкерлігі жүзеге асырып, 2 млн 400 мың теңге қарастырылған. Әуезов көшесінде орналасқан футбол алаңына ағымдағы жылы жөндеу жұмыстары жүргізілді. Бұл жұмысты «Capital-S» ЖШС орындады. Орындалған жұмыстарға 1 млн 314 мың теңге қарастырылды. Жезқазған қаласының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолашылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімінің тапсырысы бойынша Кеңір селосында көшелер мен үйлерді нөмірлеу жұмыстары жүргізілді.

– деген Қанат Байжанұлы одан әрі білім беру, денсаулық сақтау, мәдениет, спорт саласындағы жаңалықтар мен округ тұрғындарының жетістіктерін ортаға салды.



Одан әрі тұрғындар сауалына кезек берілді. Кітапхана қызметкері Нәзира Смағұлова бірнеше бөлім, кітапхана мен мәдениет үйі орналасқан әкімдік ғимаратына күрделі жөндеу қажеттігін айтты. Жыны барысында Кеңір селосында бала саны жыл өткен сайын көбейіп жатқанын алға тартқан көп балалы ана ауылда ойын және футбол алаңдары салынса деген тілегін білдірді. Бұл бойынша жаңа жақты талдау жүргізілетінін жеткізген округ әкімі бірер жылдық «Ауыл – ел бесігі» жобасы аясында Кеңірде спорттық-сауықтыру орталығы салынатындығы жөніндегі жағымды жаңалығымен бөлісті.

Соңғы кездері ауылда электр жарығының жиі сөніп қалуына шағымданған тұрғындарға желі сымдарының ауыстырылып жатқандығы түсіндірілді. Жарық ошу уақыты тұрғындарға алдын ала ескертіледі екен. Одан бөлек Кеңір селосына дәріхана мен тіс емханасы қажет екенін айтқан тұрғындар да болды. Бұл мәселенің жеке меншікке негізделген экономикалық фармация негізінде шешу қажетін айтқан Қайрат Бектайұлы қалалық кәсіпкерлік және ауылшаруашылығы бөлімі мамандарына жаңа жобалар әзірлеп, жеке кәсіпін ашуға инетті тұрғындарға қолдау көрсетуді жүктеді. Сондай-ақ, Кеңірдің басында ауылшаруашылығы өнімдерін өңдейтін нысандар ашу мүмкіндігіне назар аудартты.

Алдағы уақытта Қызылорда-Жезқазған тас жолына күрделі жөндеу жүргізілсе, сырттан келетін өнімдер мен қызметтер санының да артатынын айтқан қала әкімі болашақта Кеңір елді-мекені көтерме сауда орталықтары орналасқан, бизнеске тиімді аймаққа айналатынын, сол мақсатта жаңа жобалар әзірленіп жатқанын да атап өтті.

Жыны соңында Кеңір елді-мекенінің тұрғындары әкім Қанат Әбсаттаровтың жұмысына көңілдері толатындықтарын жеткізіп, алда да жақсы нәтижелер күтетінін айтты.

ТҰРҒЫНДАР ТІЛЕГІ ЕСКЕРІЛЕДІ

Талап селолық округінің әкімі Ғабит Битенов ауыл тұрғындарымен офлайн және онлайн форматта жүздесіп, есеп берді. Жезқазған қаласының әкімі Қайрат Әбсаттаровтың басшылығымен өткен жиынға әкім орынбасарлары мен бөлім басшылары, БАҚ өкілдері де қатысты.



Бүгінде 646 тұрғыны бар Талап ауылында мектеп, дәрігерлік пункт, ауылдық клуб, дәріхана, кітапхана, байланыс бөлімшесі, мал дәрігерлік пункті, уәскелік полиция бөлімі, наубайхана және сәулелік салоны тұрғындар игілігі үшін қызмет көрсетеді. Сондай-ақ, 39 шаруа қожалығы мен 2 азық-түлік дүкені бар.

2020-2021 жылдарға арналған «Жұмыспен қамтудың жол картасы» бағдарламасы аясында ауылымызда екі жоба жүзеге асырылды. Д.Бектепберген көшесінің су құбырын ауыстыру және жөндеу жұмыстарына 5 млн 800 000 тт бөлінді. Жөндеу жұмыстарын «Медет» ЖК мердігерлік компанияны жүргізді. Аталған жұмыс барысында осы көшенің 3 аз қамтылған отбасына мердігер өз есебінен тегін су құбырын орнатып берді. Жұмысыз жүрген 2 тұрғын ауысымдық жұмысқа тартылды. Ауылдағы саябақ ауласын қоршауға да айтарлықтай көңіл бөлінді. Бүгінде мердігер «Адал еңбек» ЖШС бұл жұмыстарды 100 пайызға орындады, – деген ауыл әкімі Ғабит Битенов 2020 жылы жүзе асырылған жұмыстар бойынша толық мағұрмат бергеннен кейін, тұрғындарды алаңдатқан сауалдарға жауап берді.

Жыны барысында тұрғындарға қиындық тудырып отырған басты мәселенің

бірі – үйге қыстығүні судың дұрыс келмеуі. Яғни, былтырдан бері қытымыр аз түсісімен жеке үйлерге тиесілі құбырлар қатып қалатын болыпты. Соған сай бүгінде ауылда мүлде суыз қалып отырған 4 үй бары анықталды. Су тарту жұмысындағы орынсыздықтардан хабардар болған қала әкімі аталған сала бойынша жауапты орынбасары Қайрат Бапановқа дереу түрде себепті анықтап, тиісті шараларды қолдануға тапсырма берді.

Ауыл тұрғындары үшін қалаға қатынау жайы да айтарлықтай жайсыздық тудырып отыр. Оған себеп – Жезқазған мен Талаптың екі ортасында қатынайтын автобустың уақытында жұрмеуі. Бұл, әсіресе, қалаға барып жұмыс істейтін тұрғындарға зиянын тигізіп отырғанын айтқан ауыл тұрғыны бұл мәселенің шешілуін талап етті.

Одан бөлек бүгінгі таңда көпті сергелдене салып отырған жайт – интернеттің жыры. Ауылдағы интернет жылдамдығы өте нашар екенін айтқан тұрғынға Ғабит Битенов алдағы уақытта жылдамдығы 100 кбт/сек сапалы интернет қолжетімді болатынын жеткізді.

Қайрат Әбсаттаров ауылдағы жарықтандыру жұмыстарында да оқылықтар барынан хабардар болып, тұрғындар өтінішін жауапсыз қалмау қажетін ескертті.

Ауылға толық ем көрсететін аурухана да қажет екенін естіген қала әкімі осы салаға тікелей жауапты орынбасары Зина Ақылбековаға арнайы зерттеу жүргізіп, бұл мәселе бойынша облысқа сауал жолдауды тапсырды.

Сонымен бірге Қайрат Бектайұлы орынбасары Ербол Құсайыновқа әр тоқсан сайын Талап селолық округінің тұрғындарымен кездесіп, олардың тұрмыс-тіршілігін толыққанды біліп отыруды тапсырып, талаптықтардың күрмеуі көп күрделі мәселелерін тікелей өз бақылауына алатынына сендірді.

Ақниет ТАҒЫБЕРГЕН

Биылғы жыл түсті металлургияның орталығы саналатын Жезқазған өндірісінің тарихы үшін айтулы кезең – Жезқазған мыс зауытының ашылғанына 50 жыл толып отыр. Жезқазғандықтар Қазақ КСР Ғылым академиясының алғашқы президенті Қаныш Имантайұлы Стобеевтың атымен аталатын тау-кен металлургиялық комбинатының құрамындағы Жезқазған мыс қорыту зауытын ерекше мақтанғаны тұтады.

Жезқазған мыс қорыту зауытының тарихы, құрылысы жайлы құнды деректер Жезқазған қаласының мемлекеттік архивінде Қ.И.Сәтбаев атындағы «Жезқазғантүстіметалл» ғылыми-өндірістік бірлестігі ҚазКСР Түсті металлургиясы министрлігінің №152, Еңбек Қызыл Ту орденді «Қазмысқұрылыс» мемлекеттік құрылыс-монтаждау тресінің №80, белгілі өлкетанушы, ҚР еңбек сіңірген мәдениет қайраткері, Жезқазған қаласының Құрметті азаматы №289-шы жеке тектік қор иесі Сүтегмен Бүкірөвтің құжаттарында жинақталған.

Бүгінгі Жезқазған мыс қорыту зауытының түп тамыры қара шаңырақ Қарсақбай зауытында 1928 жылдың 19 қазанында алғашқы мыс балқымасының алынуымен тығыз байланысты.

Академик Қаныш Сәтбаевтың Үлкен Жезқазғанды қалыптастыру жөніндегі өрелі ой-мақсатын жүзеге асыруда Социалистік Еңбек Ері, КСРО Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, Қазақстанның еңбек сіңірген кеншісі Виктор Васильевич Гурбаның алатын орны бөлек. Ғұлама ғалым атындағы Жезқазған кен-металлургия комбинатының тұңғыш директоры болған ширек ғасыр ғұмырын Қ.Сәтбаевтың теорияларын тәжірибемен тиянақтауға арнады. 1952 жылдың 18 ақпанында Түсті металлургия министрінің бұйрығымен В.Гурба Жезқазған мыс қорыту комбинаты директорының орынбасары - бас инженері болып тағайындалды. В.В.Гурбаның іскер басшылығы мен ұйымдастырушылық шеберлігі нәтижесінде қысқа мерзімде дүниеге ғажап құрылыстар келді. Металлургтер мен байытушылар және кеншілер қалаларының бас жоспарлаушысы Виктор Васильевич десе болады.

Жезқазғанда мыс қорыту комбинатын салу жөніндегі жоспарда белгіленген тәжірибелік гидрметаллургиялық зауыттың құрылысы 1949 жылы аяқталды. Бұл кәсіпорынның міндеті қоры едәуір болатын тотыққан және аралас мыс кендерін өңдеудің технологиясын жасау болды.

Ал, 1954 жылы Жезқазған мыс қорыту зауытының жобасын дайындау туралы тапсырма берілді. Бірақ, ол жоба бекітілмеді. Өйткені, құны қымбат жана металлургиялық кәсіпорын салғаннан гөрі Жезқазған концентратын қорыту үшін Балқаш мыс қорыту зауытын кеңейтіп, реконструкциялау тиімді деген ұсыныстар түсті. Кейін кейбір ғылыми-көпшілік өкілдері тарапынан Жезқазған концентратын Алматыда қорытқан оңтайлы шығар деген пікір де айтылды.

1954 жылы ҚазКСР-дің түсті металлургия министрінің құрылып, Қарсақбай зауыты мыс өндірісінің бас басқармасының құрамына кірді. 1957 жылы Қарсақбай зауыты Қарағанды түсті металлургия Халық Шаруашылығы Кеңесінің басқаруында болды. 1958 жылы 16 шілдеде Халық Шаруашылығы Кеңесінің №184 қаулысымен Жезқазған тау-кен металлургиялық комбинаты құрылды. Комбинат құрамына Жезқазған кен басқармасы, Қарсақбай металлургиялық зауыты, Жезқазған мыс қорыту зауыты кірді. Жезқазған комбинаты және Қарсақбай зауытының міндеттері: Жезқазған аймағындағы мыс кен орындарын өндіру, Байқоңыр тас-көмір кенін өндіру, мыс балқыту және комбинат пен завод құрылысын кеңейту.

КОКП Орталық комитеті мен КСРО Министрлері кеңесінің 1959 жылғы 10 қыркүйектегі қаулысына сәйкес Жезқазған зауытын салу, концентраттардың өңдеу технологиясын тандау күн тәртібіне өткірі қойылды. Қазақ КСР Ғылым Академиясының Орталық Қазақстанның өндіріш күштерін дамыту мәселелерін талқылаған Қарағанды қаласында 1958 жылдың қарашасында өткен көпшілік сессиясы салыналы отырған Үлкен Жезқазған мыс қорыту зауытының жобасында күкіртті және де металлургиялық тозаңды толық айыру және пайдалану мүмкіндігін міндетті түрде қарастыру керек деп ұсыныс берді. Ақыры көп талқылау, қарама-қарсы пікір сайысы практикада тәжірибелік тексерістен кейін жаңа мыс зауытында рудотермиялық қорыту технологиясын пайдалану айтарлық. Завод құрылысы 1966 жылы 10 наурызда басталды. Прораб Василий Петрович Пискунов үлкен құрылыстың алғашқы қадамын қағу күрметіне ие болды. Шілдеде болашақ кәсіпорынның бас ғимараты салынатын аймақты тазарту басталды. Ал, «Горстрой» құрылыс басқармасының аға прорабы Клавдия Павловна Огарева басқаратын

экскаваторшылар іргетастың котлауының қазуға кірісті. Завод құрылысы Қазақстан комсомолының екпінді құрылыс нысаны деп жарияланды. Оны салушылардың саны да көбейе түсті. Міне, осындай жағдайда барлық буындардың жұмысын ұйымдастырып, үйлестіре жүргізетін орталық құру қажет болды.

КСРО Түсті металлургия министрінің 1967 жылғы 17 маусымдағы №515 бұйрығы бойынша түсті металлургия саласының мамандарының біліктілігін арттыру мақсатында жоғары оқу орындарында арнайы мамандығы бойынша факультеттерде білімін көтеруге курстар ұйымдастырылды. 8-10 сынып бітірген жас маман-

Алғашқы балқыманы алуға практикалық көмек көрсету үшін балқаштық мамандар – аға конвертерші Г.Легин және мастер А.Николаева шақырылды. Кен-термиялық электр пештерін пайдалануға беру кезінде еліміздегі металлургия өнеркәсібінің ардагерлері, Норильскіден Е.П.Степанов, «Печганикель» комбинатынан М.Д.Сударев қомақты көмек көрсетті. Мұндай ауыр жұмыстарды Ленинградтың «Гипроникель» институтының ғылыми қызметкерлері, техника ғылымдарының кандидаты Н.И.Грань басқарды. Жезқазған мыс қорыту зауытының негізгі буындарын іске қосуға және мыс өндірісі технологиясын жетілдіруге еліміздің көптеген институттары, сол



ӨНДІРІСТІ ӨЛКЕНІҢ КЕЛЕШЕГІ – КЕМЕЛ

дар техникалық-кәсіптік училищелерге бағытталды. Мамандардың білімін көтеру арқылы ғылым мен техниканың жаңалықтарын өндіріске енгізу жоспарланған.

1968 жылдың қаңтар айында Жезқазған кен-металлургия комбинаты бойынша арнайы бұйрық шығарылып, зауыттың дирекциясы құрылды. Оны басқару жас инженер-металлург Игнатий Лиге жүктелді. Комбинат басшылығына және болашақ директорға ең ауыр міндеттерді шешуі тура келді. Қарсақбай металлургтері өткен кезеңтің технологиясын тамаша меңгерген болатын, ал енді жаңа зауытта, қазіргі заманғы, ең соңғы үлгідегі техника мен технологияны меңгеру міндеті тұрды.

1971 жылдың басында мысы электролиздеу және балқыту өндірісінің алғашқы кезегінің құрылысы аяқталды. Бүкіл ел болып катод мысын алу сәтін асыға күтті. Құрылысшылардың қажырлы еңбегінің арқасында бұл сәт те келді. Осы жылдың 23 ақпанында, таңертеңгі сағат 10-да аспалы кран машинисі Клавдия Якушева мастер Виктор Азановтың ауысымында кезекші электролизшілер Александр Пьянков, Харис Зайнагутинов және Леонид Фирсов тазартып, дайындаған катод мысының алғашқы партиясы алынды. Бұл күн еліміздің түсті металлургиясының болашақ алыбы, жаңа зауыттың дүниеге келген күні болып тарих бетіне алтын әріппен жазылып қалды.

1971 жылдың 24 ақпанында анод пеші қыздырылғаннан кейін мастер С.Желдібаевтың ауысымында аға балқытушы В.Нагорнов пешке Қарсақбайдың қара мысын толтырды, 1 наурызда таңертеңгі сағат 10-да алғашқы анод мысы алынды. Оны В.Самодиновтың ауысымында аға балқытушы В.Лобановский балқытып, қалыпқа машинист Г.Плухов құйды. Осы күннен бастап электролиздеуіміздің анодымыз жібеліе бастады.

Алғашқы катод мысын алғаннан кейін, тура екі жыл өткенде, 1973 жылдың 21 ақпанында электр пеші іске қосылып, Қ.Сайрановтың ауысымында аға балқытушы А.Кичалок бірінші рет штейн алып, конвертер пешіне жөнелтті. Мұнан кейін Б.Демонконың ауысымында аға конвертерші В.Долгов конвертерді үрлеуге қойды, келесі ауысымда Жамбыл Ыбыраевтың ауысымында аға балқытушы Сұлтан Елемесов қара мысты балқыту қондырғысына жеткізгеннен кейін ең алғашқы жезқазғандық қара мыс балқымасын анод бөлімшесіне жөнелтті.

секілді белгілі ғалымдар: И.И.Кершанский, Л.Г.Лавров, Г.А.Кузнецова, Р.П.Кефилян, А.Н.Ушенин және басқалар қатысты.

Замандықтың үздіктері – Сұлтан Елемесов, Оразалы Мейрамов, Смағам Салқауов, Владимир Чензе, Владимир Фомин, Александр Пьянков, Байзақ Науанов, Қойшыбек Доспанов, Владимир Груднин.

Ірі еңбек жеңісіне байланысты Қазақстан Компартиясының Орталық комитеті мен Қазақ КСР Министрлер кеңесі Қ.Сәтбаев атындағы Ленин орденді Жезқазған кен-металлургия комбинатының, Еңбек Қызыл Ту орденді «Қазмысқұрылыс» тресінің, мамандандырылған монтаждаушы құрылыс ұйымдарының жұмысшыларына, инженер-техник қызметкерлеріне, партия және кәсіподақ ұйымдарына, Қарағанды облыстық партия комитеті мен облаткомға құттықтау хат жолдады. Онда құрылысшылар, монтаждаушылар және металлургтер орасан зор құрылыс-монтаждау жұмыстарын атқарғаны атап көрсетілген. 2 миллион текше метрден астам жер жұмыстары атқарылған, 120 мың текше метр монолитті және құрастырмалы темірбетон, 34 мың тонна металл конструкциялары орнатылып, құрастырылған. 3 мың данаға жуық технологиялық және электротехникалық құрал-жабдықтар қондырылған, 20 шақырымдық технологиялық труба желісі тартылған. Завод ұжымы реттеу және іске қосу шараларын өте қысқа мерзімде орындап, тұңғыш өнім алды. №1 балқыма алу құрметіне металлург-инженер В.М.Ким басқаратын ауысымның аға конвертершілары П.И.Валуев, М.И.Иванов, аға балқытушы П.А.Малов және басқалар не болды.

Белгілі өлкетанушы Сүтегмен Бүкірөв 1973 жылы 11 наурызда өзінің күнделігіне былай деп жазыпты: «...Кеше мемлекеттік комиссия мыс қорыту зауытының бірінші кезегі іске қосылғандығы туралы құжатқа қол қойды. Осыған орай, бүгін салтанатты митинг болды, онда КОКП XXIV съезінің делегаты Қарағанды облыстық партия комитетінің бірінші секретары В.К.Акулинец сөз сөйледі. Құттықтау телеграммалары оқылды».

1973 жылы маусымда күкірт қышқылы цехының – бірінші, 1976 жылы соңғы кезегі қатарға қосылды. 1974 жылы мыс балқыту және электролиздеу цехтарының құрылысы толық қуатында аяқталды. Көп ұзамай күкірт қышқылы цехының бірінші желісі іске қосылды. 1976 жылы сирек металдар цехы пайдалануға берілді. Жезқазған мыс балқыту зауыты толық күшінде жұмыс істей бастағанда 200 мың тоннаның шегінде Лондон биржасына тіркелген жоғары сапалы мыс шығарды. Жалпы, өндіріс көлемінде мысқа қосалқы шығарылатын өнімдердің үлес салмағы 1977 жылы 30,74 процентке жетті. Бүкіл одақ бойынша кеннен алынған мыстың жалпы өндірісінде Жезқазған облысы түсті металлургия кәсіпорындарының үлесі үштің біріне жетті. Жезқазған еліміздің түсті металлургиясының ірі орталығына айналды.

Заводтың іске қосылып, оның жобалық куаттарының мерзімінен бұрын игерілуі инженер-техниктердің және жұмысшылардың жана өндіріске бейімделіп дайындалуына байланысты болды. Олар кезінде «Печганикель», Алмалық, Балқаш және Норильск кен-металлургия комбинаттарында, Пышма мыс электрлік кәсіпорындарында, тағалымдамадан өтті. Бірысыра білікті мамандар еліміздегі әріптес озат кәсіпорындардан шақырылды.

Ал, Жезқазғанда мыс зауыты іске қосылғанда Қарсақбайдың жұрттысы көшіп келгендей әсер қалдырды. Кеңес Одағының әр түрлілері келген «сен тұр, мен атайын» деген металлургтер мен техника және технология жағиына сауатты мамандармен жинақталған тәжірибесі, ұтқырлығы жағынан қарсақбайлықтар тең түсті.

Тау-кен өндірісін жаңа технологиялармен жабдықтау ең басты міндет екенін түсінген комбинат басшысы В.В.Гурба, ең алдымен қол перфораторлары мен тармақты ысырмаларды жедел арада бұрғылау станоктарына, кен тиеу, тасымалдау машиналарына айырбастауды қолға алды. Жаңа технологияны өндіріске енгізуде қол жеткен табыстары үшін В.В.Гурба және комбинаттың бір топ инженер-техник қызметкерлері КСРО мемлекеттік сыйлығына ие болды.

1987 жылы Жезқазған кен-металлургия комбинаты «Жезқазғантүстіметалл» ғылыми-зерттеу институтымен бірге Қ.И.Сәтбаев атындағы «Жезқазғантүстіметалл» ғылыми-өндірістік бірлестігі болып, кейінірек оның құрамына шахта проходкалық тресі мен басқа да құрылыс ұйымдары енді. Одан кейін бұл бірлестік «Жезқазғантүстіметалл» акционерлік қоғамы болып қайта құрылды.

Кеңес одағы ыдырағаннан кейін ескі шаруашылық байланыстар үзіліп, «Жезқазғантүстіметалл» акционерлік қоғамының шаруашылық жағдайын тез құлдыратып, кен өндіру мен қайта өңдеу және зерттеу және балқыту көлемі күрт төмендеді. Орасан өндірістік кешен өзінің дамуында өткір дағдарысты бастан өткіріп жатты. Кен базасының дамуы артта қалып, тау-кен шахталық жабдыктандыруда елеулі кемшілік сезілді.

1991-1992 жылдары Жезқазған мыс қорыту зауытында жылына 200 мың тонна қара және катод мысы шығарылса, 1993-1995 жылдары осы көрсеткіш төмендеп 130-140 мың тонна болды. Халықаралық нарықта мыстың бағасы арзандап, біздің өнімге сұраныс төмендеді.

Қазақстан Республикасының тұңғыш Президенті Н.Ә.Назарбаев әзірлеген ұлттық экономиканы қалпына келтіру, орнықтыру және өрістету стратегиясына сәйкес елімізге шет ел инвесторлары шақырылды. «Жезқазғантүстіметалл» акционерлік қоғамының әріптесі болып, әлемдік экономика жүйесіне белгілі онтустікореялық «Самсунг» фирмасы келді. 1995 жылы бұл фирма 200 миллион астам АҚШ долларын бөлді. Бұл Жезқазғанның басты кәсіпорының өміріне түбегейлі өзгерісті жүзеге асыруға мүмкіндік берді. Компания Жезқазған жеріндегі түсті металлургия өндірісін дамытуға 1996-2000 жылдар аралығында 25 миллион долларға жуық қаржы бөлді. Осындай ірі көлемдегі қаржылай қолдау зауыттың ішкі және сыртқы мүмкіндіктерін толықтай пайдалануға жол ашты. Мыс өндіру технологиясына жаңа шетелдік озық үлгідегі технологиялық жабдықтар енгізілді және соның негізінде қысқа мерзімде соны жетістіктерге қол жетті.

Зауыт тек 1995-2000 жылдар арасында ғана 132,3 тоннадан жылына 250,5 мың тоннаға дейін таза катод мысын өндіру белесіне көтерілді. Ал мұның бәрі от-жалынды мамандық иелері металлургтердің, инженер-техниктердің қажырлы еңбегінің нәтижесі.

1997 жылы 11 шілдеде «Жезқазғантүстіметалл» акционерлік қоғамы ашық акционерлік қоғам – «Қазакмыс корпора-

циясы» болып өзгертілді. Қазақстандағы ең ірі мыс өндіруші кәсіпорын 16 кенішке, 9 тау-кен фабрикаларына және екі мыс балқытушы өндірістік кешенге ие. Тау-кен өндірісі кен өндіруден бастап мыс қатнасын және катодты мыс түріндегі дайын өнім шығаруға дейін толықтай интеграцияланған.

1998 жылдың қазан айында мыс балқымасының алынғанына 70 жыл толуына арналған салтанатты жиынға Елбасы Н.Ә.Назарбаев қатысып, «Қазакмыс» корпорациясының құрылымдарында ұзақ жыл еңбек еткен озаттарды Елбасы мемлекеттік марапаттармен марапаттады. Олардың қатарында Ғазиз Омаров, Виктор Архипов, Телеген Әбдірахманов, Виктор Бельских, Гарри Зигерт, Әсер Иманғалиев, Әбдірашит Қапаров, Яхия Көпеев, Виктор Цветков, Қалдыр Мәткенов бар. Еңбек адамдарын ұлықтап орден, медальдар тақты.

1999 жылы «Қазакмыс» пен «Самсунг» фирмасының Жезқазған аймағындағы өндірістік процестерді жетілдіруге жемісті еңбегін саралап көру үшін АҚШ, Корея, Израил, Польшадан үлкен дипломатиялық топ келді. Корпорацияның саладағы ізденісі шетелдіктерді таң қалдырып, сапалы өнім өндірудегі технологиялардың нәтижелі жұмыс жасап жатқандығына көз жеткізді. Осылайша, Жезқазған мысы әлемді мойындатты.

2003 жылғы 28 шілдеде ашық акционерлік қоғам «Қазакмыс корпорациясы» акционерлік қоғам болып қайта құрылды. 2003 жылдың 27 желтоқсанында «Қазакмыс корпорациясы» акционерлік қоғамының №1 хаттамасы бойынша «Жезқазған тау-кен металлургиялық комбинаты» «Қазакмыс Корпорациясы» акционерлік қоғамы болып осы өнеркәсіптің құрамында құрылады. 2005 жылы 14 қаңтарда «Қазакмыс корпорациясы» акционерлік қоғамы жауапкершілігі шектеулі серіктестік болып өзгертілді.

2006 жылғы «Қазакмыс корпорациясы» акционерлері отырысының №38 хаттамасы бойынша «Жезқазғантүстіметалл» өндірістік бірлестігі болып атауы қайта өзгерді. Ол – кен қазудан бастап дайын мыс өнімдерін шығара алатын Қазақстандағы бірден-бір кәсіпорын. Сонымен бірге, 2012 жылы меншікті кеннен 292 мың тонна катодты теңгерімдегі мыс, 152 мың тонна мырыш концентраты өндірілді. Сонымен қатар 2013 жылы 12,6 млн унция күміс қорытып, әлемдегі ең ірі он унция күміс қатарына енді. Кәсіпорынның ағымдағы қызметінен келген табысы 3,4 млрд. ал көрсеткіші 1,9 млрд АҚШ долларын құрады.

Жезқазған өңірі жайында «Жезқазғандағы кен орындарын 80 жылдай пайдалану келеміз және осы уақыт ішінде жер қойнауынан 1 млрд тоннадан астам кен өндірілді. Бұл жалпы қорлардың 75 пайызын құрайды. Біздің кәсіпорындарымызда флотациялық не болмаса дәстүрлі тәсілмен байыту тиімсіз болатын мыс кенінің елеулі көлемі жинақталған. Тек жанапшыл инновациялық технологияларды пайдалану арқылы ғана бұл кенді игеруге және қайта өңдеуге болады. Біз Жезқазған өңірінде дамуына жаңа серпін беру үшін шикізат қорының орнын толтыруға бар күш-жігерімізді саламыз» деген екен «Қазакмыс корпорациясы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің Басқарма төрағасы Эдуард Огай «Айқын» газетінің тілшілеріне 2013 жылы берген мәлімдемесінде.

2013 жылы Жезқазған мыс қорыту зауыты қайта құрылымдау мақсатында уақытша жұмысын тоқтатқан болатын. Барлық негізгі және қосалқы жұмысшылар заводты қайта құрылымдауға қатысып, 2014 жылдың 20 қыркүйегінде қайтадан іске қосылды. Кәсіпорынның жұмысы аймақтың әлеуметтік-экономикалық дамуының кепілі болып келеді.

Бүгінде де Жезқазған мыс қорыту зауыты үздік технологиясы, тиямділігі және адамдарының жоғары интеллектуалдық дәрежесі жағынан әлемдегі тектес озық кәсіпорындармен үзетін қағыстырып, қатар келеді. Мысы балқыған, атағы шалқыған қаламыздың өркен жайып, даму жолы да осы түсті металлургия өндірісінен өзектес. Қазақтың мысы елдің ырысына әрдайым айнала берсін!

Қарлыға НАУРЫЗБАЕВА,
Жезқазған мемлекеттік архиві
әдебиет, өнер, жеке қорлар және
ақпараттар мен құжаттарды
ғылыми пайдалану бөлімінің
жоғары санатты архивісі



ТАҒЫЛЫМ

АСЫЛАДЫҢ СЫНБЫҒЫ



(Соңы. Басы 1-бетте).

Өмір жолы Жәкенді Жезқазғанына қайтып алып келді. 1991 жылы Жезқазған облыстық атқару комитеті төрағасының орынбасары болып жаңа қызметке келген Жәлел Шубайұлы кейін облыс әкімінің орынбасары болып ауысып, тәуелсіздік жылдарының алғашқы кезеңіне тән қиындықтар мен сын-сынақтар тұсында табанды, талапшыл, шешімді басшы ретінде тығырықтан шығар жолдың табылуына атсалысты, мысты өңірдің дамуына әл-шеусіз үлес қоса білді. Топ бастап жүрген азаматтарының қарекет-қимылын өз безбеніне салып, бағалай білетін кенді өлкенің тұрғындары оны тәжірибелі басшы деп таныды. Осы қызметтен ол зейнет демалысына шықты.

Қоғам және мемлекет қайраткері, өндіріс пен лауазымды қызметтердің жауапты буындарында сыналып өскен тұлға, СОКП XXVII съезінің делегаты (1986), Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің мүшесі, Қазақстан Жоғарғы Кеңесінің депутаты (екі шақырылымның), екі мәрте «Еңбек Қызыл Ту» және «Құрмет белгісі» ордендері мен бірнеше мемлекеттік медальдардың иегері, Жезқазған қаласының Құрметті азаматы Жәлел Шубайұлы Қалмағамбетовтің өмірдерегі мен қызметтік жолын шөла айтсақ, осындай жемісі мен жеңісі мол жылдардың тізбегінен тұрады. Ауылы жан-

Жәлел ШУБАЙҰЛЫНЫҢ өнегелі өмірдастанынан бірер сөз

ның ғұмырнамесімен таныса отырып: «Бел-белесі, ылдиды мен өрі, беделі мен бел қайыстырар жауапкершілігі бар қызметтердің сынынан өткен жан екен» дейсіз.

Мен Жәлел ағаны өткен ғасырдың тоқсаныншы жылдарының басында көрдім. 1990 жылы Тайжан ақынның 110 жылдығын атап өту шарасына қатыса жүріп даңқты ақынның Қасымхан, Әбдікәрім есімді балаларымен танысып, жақсының тұқым-тұяғымен танысқанымды олжа санап жүретімін. Сол думанды оқиғадан кейін көп ұзамай Жәлел ағамен танысып, қол алысып амандастым. Алпыстың о жақ, бұ жағындағы аға сырт келбетімен де, сөйлесе қалсаң жатсынбай, баласынбай сыр бөлісе алатын мінезімен ұнады. Әйтпесе, Орталық Комитетте қызмет істеп, облыстың мүйізі қарағайдай басшысы болған жандардың көбісінің жел жағынан жүргізбейтінін білеміз ғой. Жәлел аға ондай жан емес екен. Ойы сергек, сөзі жүйелі, жинақы, сырт сән-салтанаты келіскен, көп алдында сөйлеп кетсе, ақтарыла кететін шешен, ең бастысы руханият мәселесіне үрке қарамайтын Жәлел аға екеуіміздің аразымызды Тайжан ақынның шығармашылығы тіпті жақындата түсті.

Бірімізді біріміз жақын тартып, пікіріміз жараса кеткен күндердің бірінде: «Жәлел аға, Сіз кеше «халық жауы» атанған ақынның ұрпағысыз. Атқарған қызметіңіз – мынау. Партия қызметкерсіз. Алматының төрінде отырдыңыз, Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің дүрілдеп тұрған бөлімін басқардыңыз. Жолыңызда кедергілер кездескен жоқ па? «Халық жауының» баласы деген күдік-күмән болған жоқ па?» – деп сұрадым. Жәлел сәл ойланп қалды. Ол ойланғанын мен «мына бала кім, кешегіне неге қозғап тұр» деген сауалдың көлденеңдей қалғаны шығар деп түсіндім.

«Слушайте» деп алды да: «Ондай қиын да күрделі заман өтті, кетті. Ақын әкем атылып кеткенде мен үш жаста екенмін. Тайжанның ұрпағымыз демек түгілі, атын атауға қорыққан кездер болды, білесің. Әкеміздің кінәсі жоқ екені анықталды, ақталды. «Халық жауы» деген айып нақақ жабылған жала екеніне көз жетті. Әйтпесе маған мынандай өрлеу баспалдақтары қайда?!» – деді маңдайына қарай құлай берген шашын кейін қайырып. Көзінен мұң ізін танығандай болдым. Сонан соң: «Ақталуын ақталды ғой, бірақ шашылып қалған дүниелері жиналмай жатыр», – деп өкінішін де сездіріп тастады.

Арада жылдар өтті. Басқа да халық ақындары сияқты Тайжанның да мұрасы ғылыми-зерттеу жұмыстарының, ғылыми мақалалардың тақырыбына айналып, насихаттала бастады. С.Бүкіровтің құрастыруымен шыққан «Ой ағысы» жинағынан кейін К.Салықовтың құрастыруымен «Сақ-сақ күлсін сырнайым» атты қомақты шығармалар жинағы басылып шықты. Ең қуаныштысы, Тайжекеңнің 12 әні табылып, күй-табаққа жазылды. Жәлел аға айтқандай, «шашылып қалған» осы әндердің қайта тіріліп, қадеге жаратуына ҚР-ның еңбек сіңірген әртісі Ғалым Мұхамеддин зор еңбек сіңірді. Осы қуанышты оқиғадан кейін Жәлел аға: «Сендерге ризамын, жігіттер. Ғалым бауырымының еңбегі ерекше ғой. Жылдардың долы желі ұшырып, түте-түтесін шығарып, шашып тастаған мұраны там-тұмдап жинап, елге қайта ұсынып жатыр. Мен ерекше қуаныштымын. Ризамын сендерге. Бірің мақала жазып, бірің өнін орындап жатырсындар. Тайжан – арғын аға баласына бөтен емес қой. Жиендерің ғой», – деп іштегі ойын бір қауымдап-қауымдап тастады. Бұл жолы Жәлел ағаның көз-жанарынан шын қуаныштың белгісін байқадым. Сәлден соң:

– Слушайте, Тайжекеңнің соңғы өлеңін білесіңдер ғой. «Қапаста көңіл қайғылы, Көкірек толды санаға.



Дұшпанның сөзі сор болып, Өтірік күй-дім жалаға» деп басталады. Қараңдаршы, уақыт не деген әділ, не деген күшті?! Атылғаннан кейін 20 жылдан соң өзі ақталды, шамамен 60 жылдан соң әндері оралды. Шаршатып жетсе де шындықтың оралғаны қандай ғажап! – деп қуанышын ақтарып тастап еді. Сол жолы жайсаң аға жаркылдап сөйледі. Жәлел ағаның сондай айрықша қуанышты күйін кейін Халықтар достығы мен мәдениеті үйінің алдына Тайжан ақынның бюсті қойылған салтанатты шарада көрдім. Сол жиында бас қосып тұрған жігіттер: «Ештен кеш жақсы. Бұл да болса, өнерпаз ұл туған халықтың, ақынның ұрпағының бақыты ғой», – деп түйгенбіз. Жәлел ағаны көріп: «Ақынды адам өлтіруі мүмкін, бірақ заман өлтірмейді. Тайжан әкеңіз тірі ғой», – деп ойымды жеткізгендей болдым.

Жәлел ағаны соңғы рет Жезқазғандағы үйінде көрдім. Алтын ұясының берекесі болған, алты баланың анасы болған Дариға шешеміздің қайтыс болғанына жыл толып, дастарқан жайып, дәм беріп, Құран оқытқан. Жәлел аға дастарқан басында өткен-кеткен

уақыттың сырлы естеліктерін ағытып, ақтарыла сөйлеп, 85 деген жастың салмағына бой бермей қайратты жанның қалпын танытқан болатын. Уақыттың салмағы еңкіш тартқызып, қарттық пен сырқаттың жүдетіңкірегені болмаса, жайындағы жазулар өшірілмеген, сана сергек, ой қуаты күшті, киноы келіскен киесінді әңгімесі сол қалпы.

Сол кездесуден кейін көп уақыт өте қойған жоқ, «Жәлел аға дүниеден өтіпті» деген суық хабар жетті. Көзі тірісінде: «Балалар, өмір бар да өлім бар. Менің де тыншу табар кезім алыс емес. Көз жұмсам, жаназа намазымызды Тайжан әкеміңіз ескерткішінің жанында айтқан екен. Азаматын сүйген халқы да, ақылды балалары да аманатқа қиянат жасаған жоқ, Жәлел ағаның қаралы жиыны мен жаназа намазы Тайжан ақын ескерткішінің жанында өтті.

Ақырет күнінің бақыты бұйырсын, асылдың сынығы!

Ғазиз ЕШТАНАЕВ,
Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі,
Жезқазған қаласының Құрметті азаматы.

ОЙ ТАСТАДЫМ ОРТАҒА

ЖАБЫРҚАҒАН САРЫ ДАЛА

Қазақ елі жерінің көлемі жаңынан негізінде 9-шы орын алады, демек, аса ірі мемлекеттер қатарына жатады. Осы жерінің молдығының салдарынан қазақтар ерте заманнан бері көрші елдер жағанын қысымоы көп көрген. Осы ұлан-байтақ жерімізді біздің бабаларымыз білектің күшімен, найзаның ұшымен қорғап, тұтастығын сақтап ұрпаққа аманат етіп қалдырған. Сол сұхтанушылары қызықтырған жеріміздің кендігі, әсіресе сол кездегі басым шаруашылық – мал өсіруге қолайлығы. Қазіргі біздің бас мақтанышымыз – жер қойнауының байлығы ол кездерде беймәлім болатын.

Қазақ елінің географиялық картасына қарасақ шығысында Алтай-Тарбағатай, оңтүстігінде Күнгей және Іле Алатауларымен шекараланып, оңтүстік батысында Қаратауды құшақтай орап, солтүстігі мен батысында ашық далаға айналады. Осы атуалардың ортасында шығысынан батысына қарай біртіндеп төмендей созылған Сары дала жатыр. Бұл аймақта солтүстігінде Көкшетау, шығысында Баянауалы, Қарқаралы, Қызыл-Арай олардан батысқа қарай Бұғылы, Тағылы, Ортау, Қызыл-тау, Ақтау, Ұлытау сияқты аласа таулармен қыраттары мен жазықтары аралас кең дала созылып жатыр. Орографиясы (рельефі) адамның жайылған қос алақанындай болып жаратылған осы Сарыарқаның байлығы – елі мен жұртына арнаған ырыс-дәулеті. Оны қадірлеп, бағалап, байлығымызға айналдырып отыру – баршамыздың міндеті. Осы даланы мекендеуші халқымыздың негізгі кәсібі мал өсіру болған. Кейінгі кенес заманында солтүстік және солтүстік орта аймақтарда егін ету шаруашылығы басым дамыды. Осының арқасында қазақ елі кеңес одағының бидай өнімдерін өндіруші басты республикасы болды. Мал өнімдері жағынан да республикамыз алдағы қатарда болды, өзінің мұқтаждығын толтырып қана қоймай, Қазақстан 7,5 миллион халқы бар Мәскеу қаласын етпен қамтамасыз етіп тұрды. Осындай жетістіктер өткен кенес заманында бүкіл қазақ жерін қамтыған совхоздар мен колхоздардың құрылуының және олардың еңбектерінің табысты нәтижесінен болған. Сол кезде құралған совхоздарға республика жері бөлшектелініп беріліп, қайнаған шаруашылық алаңына айналған. Осы шаруашылықтарды Ауыл шаруашылық министрлігі басқарғанымен негізгі басшылық және әлкемді көмек жергілікті партия және кенес ұжымдарынан болып отырды. Демек, бүкіл даланы қамтыған оған әрі сәнді, әрі мәнді көрініс берген ауыл шаруашылығы мемлекеттің түпкілікті назарында болып, партия кенес басшыларының негізгі міндеті болған. Осындай қамқоршылықтың нәтижесінде қазақ даласы беті ыңырысқан малға толы,

ауылы еңбек еткен жанға толы тірі организмге айналған.

1991 жылы Кеңес үкіметі тарағанда егемендікті қолына алған республика басшылығының қолында осындай кең дамыған, жоғарғы көрсеткіштерімен әйгілі болған ауыл шаруашылығы болды, бұл тарихи шындық. Қазір, 30 жыл өткенде ауыл деп, осы ауыл шаруашылығының жұрнағы деп көрсетер бір де бір ұйымдастырылған шаруашылықты республика жерінен табу қиын болар. Сонда қалай болғаны, осы жылдар бойы тарамаған, өзгермеген Ауыл шаруашылығы министрлігі отырған жоқ па? Ел ішінде шаруашылықпен шұғылданытын өзінің ұжымы жоқ министрлік осыншама жыл бойы не істеп отыр? Не істеп отыр деген сұрақ туары сөзсіз. Ел ішінде жиі болып жататын мал қырылу індеті, миллиондаған құстарды жою, біржерді қар басып, бір жерді су басып жатқанда жауапқа тартылған бірде бір министрдің атын естімедік. Бұған сол министрліктің қатынасы жоқ па? Өкінішке орай, бұл сұрақты біз қойғанымызбен, үкімет тарапынан ешкім қоймайтын тәртізді.

Кенес заманында қазақ жерін тек совхоздарға ғана беріп қоймай, Геология министрлігіне жұмыстарын жүргізу үшін иеленуге мүмкіндік берген. Бұл министрліктің Оңтүстік, Солтүстік, Батыс, Шығыс және Орталық Қазақстанда шұғылданатын территориялық биология басқармалары құрылып, олардың геологиялық барлау экспедицияларына республика жері бөлініп берілген болатын. Осы геологиялық барлау экспедицияларының екпінді жұмыстарының нәтижесінде Қазақстанның барлық аймақтарында көптеген кен орындары ашылып олардың запастары мемлекеттің есебіне беріліп отырды. Әсіресе, Орталық Қазақстанның (Сарыарқаның) жер асты кендеріне мол байлығы анықталды. Геологиялық экспедициялар минералдық шикізаттарды іздеп қана қоймай, совхоздардың сураныстарына сәйкес олардың орталықтарына, бөлімшелеріне және мал жайылатын аймақтарына жер асты суларын тауып берген. Осы мақсатта бұрғыланған скважиналар туралы мәліметтер олардың конструкциялары, дебиттері, координаталары сол экспеди-

циялардың гидрогеологиялық отчеттарында көрсетілген. Ол отчеттар аймақтардың геологиялық басқармаларының фондларында сақталуда. Ауыл шаруашылығын дамыту мәселесі кезінде Кеңес гидрогеолактарының атқарып кеткен жұмыстарын пайдалану өте тиімділігін айтуды жөн көреміз.

Кеңес геологияның табысты жұмыстарының нәтижесінде республика аймағында көптеген рудниктер ашылып, фабрика, заводтар салынғаны баршаға белгілі. Олар осы өткен 30 жылда минералдық шикізаттар ташылығын сезбей жұмыс істеуде. Дегенмен, кенес геологияларымен ашып дайындап кеткен запастарының таусылатын күні таяу. Оларды дайындайтын геологиялық ұжымдар жоқ. Бірақ өндіріс шикізатсыз жұмыс істей алмайды, Демек геологиялық жұмыстарға сұраныс түсетіні сөзсіз. Осы мәселе алдағы 10 жылда өзінің актуалдығын көрсеткелі тұр. Демек, геологиялық барлау жұмыстарын жандандыру кезеңі жақындады. Кеңес заманында геологиялық экспедициялардың бұрғылау станоктарының шыққандығы жер-жерлерде жарқыраған шамдарымен, бұрқыраған жолдарымен көз тартып, даламыздың экономикасының көркін молайтқан кезең қайта оралар деген үміт ұлғаяды.

Осы мақалаға арқау болған ауыл мәселесі мен геологиялық жұмыстар жөнінде өз пікірімізді айтар болсақ, бұл екі саланың да өмірге қайтып келуі үлкен сұраныста деп ойлаймыз. Кеңес одағының министрлер кеңесінің төрағасы болған Алексей Николаевич Косыгин былай деген «Геология мен ауыл шаруашылығы мемлекеттің экономикасының негізін құрушы салалар. Біз осы салаларды дамытуға тұрақты және екпінді күш салуымыз керек».

Осылай жасалды да өткен ғасырда Қазақстанның экономикасының дамуына салмақты үлестерін қосқан осы екі сала қазіргі кезде жоқтың қасы. Республика экономикасының маңызды осы екі саласының жандануы үшін бұларды басқа жолмен дамыту керек сияқты. Өйткені, ауыл шаруашылығы министрлігі мен топтық ішінде жүрген геология министрлігінің құрған «Қаз Агро» және «Қазгеология» атты ұжымдарының көрсеткен нәтижесін көре алмадық. Бұларды министрство құру арқылы басқарудан бас тартып, ұлттық компаниялар құру арқылы мемлекеттік жүйеге айналдырған дұрыс деп ойлаймыз. Бірін «Қазауылөнімдері», екіншісін «Қазгеобарлау» республикалық компаниясы деп құруды ұсынар едік. Және осы екеуінің де шығарған өнімдерін тікелей мемлекет сатып алып

отыруы керек. Бұл ұсынысты қолдамаушылар аз болмас. Дегенмен, социалистік системадан секіріп шығып, капиталистік системаның ортасына топ ете қаламыз деп 30 жыл бойы әлектенгеннен не көрдік? Мемлекеттік дамудың осы екі жүйесін ұтымды қауыштырып, өздерінің экономикасының даму қарқыны жағынан Америкамен таласып отырған Қытай халық республикасының тәжірибесі үлгі боларлық емес пе? Ауылды жерлерді жаңғырту мәселесін анықталған бағыттары (кластерлер) бойынша инфоқұрылымдар салудан бастау керек. Өйтпейінше, қалада оқып, қала тұрмысына үйренген жастар ауылға бармайды. Оны «Дипломмен ауылға» атты бағдарламамен мүғалімдер мен дәрігерлерді шақырғанның нәтижесінің болмай тұрғанынан байқауға болады.

Геология саласын жаңғыртуды мамандар дайындаудан бастау керек. Ол үшін Ресейдің Орал және Сібір жерлеріндегі геология мамандарын дайындайтын жоғарғы оқу орындарына «ЖОО» болшақ бағдарламасы бойынша жастарды арнайы жіберу керек. Осы жөнінде мемлекеттер аралық келісім жасағанда дұрыс болар еді. Геологиялық іздеу жұмыстарын бастауда Қаныш Сәтбаев бастаған Қазақстан геологиялары тобының «Прогнозно-металлогеническая карта центрального Казахстана» атты еңбектерінен бастау керек. Бұл кезінде авторларына «Лениннің сыйлық» беріліп, жоғары бағаланған еңбек пайдаланылмай қалған. Оның себебі бұл еңбек аса құпияланғандықтан көпшілік геологиялардың назарында болмаған. Бұл еңбек қазір геологиялық фонддардан ғана табылады. Еңбектің маңыздылығы ондағы әрбір металлдар бойынша іздеу жұмыстарын жүргізетін аймақтар нақтылы көрсетілген. Сондықтан мұндай аймақтарды болжау үшін уақытты да, қаржыны да шығармай тікелей іздеу жұмыстарын жүргізу мүмкіншіліктер тугызады.

Осымен, ортаға салған ойымды аяқтағым келеді. Егер біреулерге осы пікірлерім ой тудырса, ұйқым бекер бұзылмаған екен деп санаймын. Дегенмен, 30 жыл жабырқап, керексіз қалған даламыздың қайта жаңарып, жана-ша жанданатын күндері туатынына сенемін. Бұл келесі буынның басты міндеттерінің бірі болатынына сенемін.

Сұлтан СҮТБАЕВ,
Қазақстан Республикасының
«Жер қойнауының Құрметті барлаушысы»
Жезқазған қаласы



АТТЫҢ ӨЗГЕРМЕСІН...

Балаға ат қою өмірде бір-ақ рет болатын ұлы рәсім әрі сүннет амалдың ең мұқаммал берігі. Қазақ халқы бұл рәсімге аса құрметпен, бірақ сақшықпен қараған. Он ойланғы, мың толғанғы, бір ұйықтап, бір түс көріп, тіпті аянмен балаға нәм берген. Ат қоюда халқымыздың даналығы бірінші орында болған. Қазыққа байланған ат іспеттес, балаға арнаған есімге оның тағдырын, келешегін, болашағын байлаған. Әлбетте, ол дәуірдің ат қоюшы ата-әжелердің ақ баталы имани есімдері бүтін бір елге заң болған, қарсылықсыз бір ауыздан құптаған. Қазірде ол заңдылық артта қалып, ат қою рәсімі заманауи әке мен анаға өткен. Бөгдеге еліктеуден болар, есімінің мағынасын ел түгілі өздері де түсінбей жатады.

Бүгінде азан шақырылған есімді ауыстыру сәнге айналды. Жалпы, есім өзгертуді адам өміріндегі құбылысты бұрылыс деп санауға болады яғни тағдырды басқа арнаға бұру. Уақытысында дұрыс есім берілмесе немесе уялу ыңғайсыздығы туындаса, есімін өзгерту ықтияры әрине дұрыс. Оның өзі қандай жағдайда, мәселен мұсылман балаға өз дәуірінде қандай да бір халыққа зұлымдығы өткен дінсіздің есімі білместікпен берілсе ғана есімді өзгерту міндет болып табылады. Ал, қазіргі қазақи есімдерді өзгерту, оны арабшаға ауыстыру не болмаса арабша тіркемелерді есімінің алды-артына тіркеу, болмаса шетел тіліне ыңғайлау құр ғана әурешілік.

Ғасырлар бұрын қазақи дәстүрдегі аталарымыз балаға есім беруде екі нәрсеге тіргелен. Мәселен, қай руға тиесілі екендігін білдіретін яғни Жалайыр болса, Жалайыри немесе Наймани, Қыпшақи деген тіркемелерді қосқан. Екіншісі туған жеріне қарай Түркістанды мекендесе Түркістани, Эль Фараби дегенді тіркеген. Бүгінде дәл осы «әл» мен «и» дегенді тіркеу жөнсіз. Себебі, бұл үлкен еңбек сіңірген, тарихқа есімдері ойылып қалған әрі иман мен исламның туын көкке көтерген, өздері батыл, сүйектері асыл, сөздері ақыл, есіміне лайықты ғұмыр кешкен, атына заты сай, хат қалдырған аталарымыздың үрдісі. Ал, бүгінгі қазақи әдемі есімін қанағат тұтпаған еліктеушілер

осы үрдісті жалғастыруға ең болмаса рухани дайын ба? Еліктемесін демеймін, еліктесін. Алайда, ислами тұрғыда Мұхаммед (с.ғ.с) пайғамбардың көзін көрген яғни жанында бір күнін өткерген рухы мықты сахабаларға, үлкен табиғиндерге, тіпті пайғамбарға, одан бергі қазақтың небір-небір ғұламаларына еліктегісі келсе, алдымен олардың өмірімен таныссын, сосын иманға келсін, одан кейін білімге ұмтылсын, қала берді мінезін түзесін, арасында ағайынмен тату болсын, барынша қоғамға сыйымды болсын. Міне, сонда ғана бүгінгінің мүмін Ибраһимді, діндар Әбу Ханифасы, ғалым әл Фараби, ақын Ахмед Яссауни, гуманист Абайы бола алады. Ал, «өзім білем», мен «өз еркімге» салынып, ұлылардың есімімен істейтіні күнә, айтатыны жаман сөз, баратыны клуб, шығатыны зина болса, онда оның кім болғаны?

Есімінің тағдырға берер өзіндік пайдасы мен ықпалы бар. Сондықтан бабаларымыз ұлылардың жолына салу үшін, ұрпағына кітапқа қарап пайғамбарлар есімін, тарихқа қарап батырлар, жыраулар, ақындар есімдерін ниеттеген. Мұхаммед (с.ғ.с) пайғамбардың өзі «Балаға ат қоюда мұқият болыңдар, көркем есім беріңдер» демеді ме? Бұл бекерден бекер емес! Керек десеніз, есім зерттейтін антропонимика ғылымы да осы ұлы сөзге сүйенеді. Адам есімі неғұрлым көркем болған сайын, адамның өзі де көрікті, өмірі де көңілді болады делінеді.

Ел ішінде пайғамбарлар есімі балаға ауыр болады деген сәл қате ұғым бар. Негізінде, пайғамбарлар есімімен аталған балаға ұрысып, жеуде ата-анаға ауыр тимес үшін, шариғат тіркемені қарастырады. Мәселен, Ибраһим есіміне Абайды тіркеген. Осы тіркемемен біздің данышпан Абай атамыз әлі күнге жадымызда. Бұдан басқа, жәнәптен сүйіншіленген он сахабаның бірі Сағд ибн Әби Уаққастың есімін аталарымыз Сәдуақас деп ана тілімізге ыңғайлаған. Мұхаммедті Махамбет, Ибраһимді Ыбырайым, Хасан Хусейнді Асан мен Үсен, Айшаны Қайша, Фатиманы Бәтима деп есімдеген. Негізінде, ат қоюда мен осы екі нұсқаны ұсынар едім. Ал, енді осындай тіркессіз балаға Мұхаммед есімі берілсе, Муха деп, Ибраһимді Ибо деп ойнап та, қалжыңсыз да қысқартуға болмайды. Жалпы, қазақ болып туылып, мұсылман болып қайтамын деген ниеттегілерге айтарым, жақсылап ұғыныңыздар, қазақи есімдеріңіз өздеріңізге Құдай берген құт, өйткені бұл өз қаныңыздан тараған өзек. Мұсылмандық есімде емес, жүректе, иманда, мінезде. Қазақтың көзден, сөзден, тілден қорғаныш есебінде аталған Қиқым, Итаяқ, Жаманбала, Сасықбай, тіпті Көтiбар мен Майкөтендер де бұ дүниеден мұсылмандықтан жиренбей, иманмен өткен. Ендеше, өзімізді өзегімізден теппейікші ағайын!

**Нұрлан қажы БАЙЖІГІТҮЛЫ,
дінтанушы, имам**

2021 ЖЫЛҒЫ АҚПАН АЙЫНЫҢ НАМАЗ КЕСТЕСІ

Жезқазған қаласының уақыты бойынша

Ақпан	Күні	Таң	Күн	Бесін	Екінті	Шам	Құптан
1	Дүйсенбі	07:28	08:53	13:46	16:47	18:33	19:58
2	Сейсенбі	07:27	08:52	13:46	16:48	18:34	20:00
3	Сәрсенбі	07:26	08:51	13:46	16:50	18:36	20:01
4	Бейсенбі	07:25	08:49	13:46	16:51	18:38	20:02
5	Жұма	07:23	08:48	13:46	16:53	18:39	20:04
6	Сенбі	07:22	08:47	13:46	16:54	18:41	20:05
7	Жексенбі	07:21	08:45	13:46	16:56	18:42	20:07
8	Дүйсенбі	07:20	08:44	13:46	16:57	18:44	20:08
9	Сейсенбі	07:18	08:42	13:46	16:59	18:46	20:09
10	Сәрсенбі	07:17	08:40	13:46	17:00	18:47	20:11
11	Бейсенбі	07:15	08:39	13:46	17:02	18:49	20:12
12	Жұма	07:14	08:37	13:46	17:03	18:50	20:14
13	Сенбі	07:12	08:36	13:46	17:05	18:52	20:15
14	Жексенбі	07:11	08:34	13:46	17:06	18:53	20:16
15	Дүйсенбі	07:09	08:32	13:46	17:08	18:55	20:18
16	Сейсенбі	07:08	08:31	13:46	17:09	18:57	20:19
17	Сәрсенбі	07:06	08:29	13:46	17:11	18:58	20:21
18	Бейсенбі	07:05	08:27	13:46	17:12	19:00	20:22
19	Жұма	07:03	08:26	13:46	17:14	19:01	20:24
20	Сенбі	07:01	08:24	13:46	17:15	19:03	20:25
21	Жексенбі	07:00	08:22	13:46	17:16	19:04	20:27
22	Дүйсенбі	06:58	08:20	13:46	17:18	19:06	20:28
23	Сейсенбі	06:56	08:18	13:46	17:19	19:08	20:30
24	Сәрсенбі	06:55	08:17	13:45	17:21	19:09	20:31
25	Бейсенбі	06:53	08:15	13:45	17:22	19:11	20:32
26	Жұма	06:51	08:13	13:45	17:23	19:12	20:34
27	Сенбі	06:49	08:11	13:45	17:25	19:14	20:35
28	Жексенбі	06:47	08:09	13:45	17:26	19:15	20:37

Ахмет ишан Оразайұлы атындағы мешіт.

ЖОБА

ЖЕЗҚАЗҒАН ҚАЛАСЫНА БІРЫҢҒАЙ СӘУЛЕТТІК КЕЛБЕТТІ БЕРУГЕ БАҒЫТТАЛҒАН, КӨП ПӘТЕРЛІ ТҮРҒЫН ҮЙЛЕРДІҢ ҚАСБЕТТЕРІН, ШАТЫРЛАРЫН АҒЫМДАҒЫ НЕМЕСЕ КҮРДЕЛІ ЖӨНДЕУ ЖӨНІНДЕГІ ІС-ШАРАЛАРДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ ЖӘНЕ ЖҮРГІЗУ ҚАҒИДАЛАРЫН БЕКІТУ ТУРАЛЫ

«Тұрғын үй қатынастары туралы» Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 16 сәуірдегі Заңының 10-3-бабының 2 тармағының 11) тармақшасына, «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 31-бабының 1 тармағының 16-5) тармақшасына, «Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 16 шілдедегі Заңына сәйкес Жезқазған қаласының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Жезқазған қаласына бірыңғай сәулеттік келбетті беруге бағытталған, көп пәтерлі тұрғын үйлердің қасбеттерін, шатырларын ағымдағы немесе күрделі жөндеу жөніндегі іс-шараларды ұйымдастыру және өткізу Ережелері осы қаулының қосымшасына сәйкес бекітіледі.
2. Осы қаулының орындалуын бақылау қала әкімінің жетекшілік жасайтын орынбасарына жүктелсін.
3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Жезқазған қаласының әкімі

Қ. ӘБСАТТАРОВ

ЖОБА

Жезқазған қаласы әкімінің 2020 жылғы «...» №... қаулысымен бекітілді

ЖЕЗҚАЗҒАН ҚАЛАСЫНА БІРЫҢҒАЙ СӘУЛЕТТІК КЕЛБЕТ БЕРУГЕ БАҒЫТТАЛҒАН, КӨППӘТЕРЛІ ТҮРҒЫН ҮЙЛЕРДІҢ ҚАСБЕТТЕРІН, ШАТЫРЛАРЫН АҒЫМДАҒЫ НЕМЕСЕ КҮРДЕЛІ ЖӨНДЕУ ЖӨНІНДЕГІ ІС-ШАРАЛАРДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ ЖӘНЕ ЖҮРГІЗУ ҚАҒИДАЛАРЫ

1-ТАРАУ. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕ

1. Осы Жезқазған қаласына бірыңғай сәулеттік келбетті беруге бағытталған, көппәтерлі тұрғын үйлердің қасбеттерін, шатырларын ағымдағы немесе күрделі жөндеу жөніндегі іс-шараларды ұйымдастыру және жүргізу қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) «Тұрғын үй қатынастары туралы» Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 16 сәуірдегі Заңының 10-3-бабының 2-тармағының 11) тармақшасына сәйкес (бұдан әрі – Заң) әзірленді және өзгеде нормативтік-құқықтық актілермен Жезқазған қаласына бірыңғай сәулеттік келбет беруге бағытталған, көппәтерлі тұрғын үйлердің қасбеттерін, шатырларын ағымдағы немесе күрделі жөндеу жөніндегі іс-шараларды ұйымдастыру және жүргізу тәртібін айқындайды.

2. Осы Қағидаларда келесі негізгі ұғымдар қолданылады:

1) бірыңғай сәулеттік стиль – құрылыста пайдаланылатын, аумақтың белгілі бір құрылыс ауданына, оның ішінде жеке құрылысқа тән бірыңғай белгілердің жиынтығы. Негізгі параметрлер сыртқы келбеті, сәулеттік стилі, түсті шешімі, қабаттылығы, әрлеу материалдары болып табылады. Жеке құрылыс ауданы үшін негізгі параметрлер сыртқы келбеті, сәулеттік стилі, түсті шешімі, қабаттылығы, әрлеу материалдары, қоршаулар, шатырдың типі және учаске аумағында шаруашылық-тұрмыстық құрылыстардың орналасуы болып табылады;

2) кондоминиум объектісі – дара (бөлек) меншіктегі пәтерлерден, тұрғын емес үй-жайлардан және дара (бөлек) меншікке болмайтын және пәтерлердің, тұрғын емес үй-жайлардың меншік иелеріне көппәтерлі тұрғын үй тұрған біртұтас бөлінбейтін жер учаскесін және (немесе) үй жанындағы жер учаскесін қоса алғанда, ортақ үлестік меншік құқығымен тиесілі ортақ мүлктен тұратын біртұтас мүлктік кешен;

3) кондоминиум объектісінің ортақ мүлкі – дара (бөлек) меншіктегі пәтерлерден, тұрғын емес үй-жайлардан басқа, кондоминиум объектісінің бөліктері (қасбеттер, кіреберістер, вестибюльдер, холлдар, дәліздер, баспалдақ марштары мен баспалдақ алаңдары, лифтілер, шатырлар, шатырбастылар, техникалық қабаттар, жергөзделер, үйге ортақ инженерлік жүйелер мен жабдықтар, абоненттік пошта жәшіктері, көппәтерлі тұрғын үй тұрған жер учаскесі және (немесе) үй жанындағы жер учаскесі, абаттандыру элементтері және ортақ пайдаланылатын басқа да мүлік);

4) кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін ағымдағы жөндеу – мерзімінен бұрын тозуын болғызбау және ақауларын жою мақсатында жүргізілетін, көппәтерлі тұрғын үйдің нормативтік және техникалық құжаттамада белгіленген құрама бөліктері мен инженерлік жабдықтарын ауыстыру немесе қалпына келтіру жөніндегі уақтылы техникалық іс-шаралар мен жұмыстар кешені;

5) кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күрделі жөндеу – көппәтерлі тұрғын үйдің ресурсын қалпына келтіру мақсатында жүргізілетін, көппәтерлі тұрғын үйдің тозған конструкцияларын, бөлшектерін және инженерлік жабдықтарын жаңа немесе анағұрлым мықты және үнемді, жөнделетін объектілердің пайдалану көр-

сеткіштерін жақсартатын түрлеріне ауыстыру жөніндегі іс-шаралар мен жұмыстар кешені;

6) кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күтіп-ұстау – кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін техникалық пайдалану, санитариялық күтіп-ұстау және ағымдағы жөндеу бойынша жұмыстар немесе көрсетілетін қызметтер кешені;

7) көппәтерлі тұрғын үй – ортақ үлестік меншік болып табылатын кондоминиум объектісінің ортақ мүлкінен және көппәтерлі тұрғын үйге іргелес жатқан жер учаскесіне не кондоминиум объектісі ортақ мүлкінің өзге де бөліктеріне дербес шығатын жерлері бар екі және одан көп пәтерлерден, тұрғын емес үй-жайлардан тұратын, біртұтас бөлінбейтін жер учаскесінде біртұтас іргетасы бар жеке тұрған ғимарат;

8) көппәтерлі тұрғын үй кондоминиумы (бұдан әрі – кондоминиум) – Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалған тәртіппен тіркелген меншік нысаны, бұл ретте пәтерлер, тұрғын емес үй-жайлар дара (бөлек) меншікке болады, ал дара (бөлек) меншікке емес бөліктер пәтерлердің, тұрғын емес үй-жайлардың меншік иелеріне көппәтерлі тұрғын үй тұрған біртұтас бөлінбейтін жер учаскесін және (немесе) үй жанындағы жер учаскесін қоса алғанда, ортақ үлестік меншік құқығымен тиесілі болады;

9) көппәтерлі тұрғын үй мүлкінің меншік иелері бірлестігі (бұдан әрі – мүлкіктік меншік иелері бірлестігі) – коммерциялық емес ұйым болып табылатын, бір көппәтерлі тұрғын үй пәтерлерінің, тұрғын емес үй-жайларының меншік иелері құрған, кондоминиум объектісін басқаруды жүзеге асыратын, оны күтіп-ұстауды қаржыландыратын және оның сақталуын қамтамасыз ететін заңды тұлға;

10) көппәтерлі тұрғын үй пәтерлері, тұрғын емес үй-жайлары меншік иелерінің жиналысы (бұдан әрі – жиналыс) – пәтерлер, тұрғын емес үй-жайлар меншік иелерінің кондоминиум объектісін басқаруға және кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күтіп-ұстауға байланысты шешімдерді ұжымдық талқылауын және даусы беру арқылы қабылдауын қамтамасыз ететін кондоминиум объектісін басқарудың жоғарғы органы;

11) шатыр - ғимаратты атмосфералық жауын-шашынның суымен сақтайтын, су өткізбейтін қабаттан және негізден (торлардан, тұтас төсемеден, кермеден) тұратын, көтергіш конструкцияларға немесе жылытқышқа (шатырсыз шатырларда) салынатын жабынның жоғарғы элементі.

3. Осы Қағидалар Жезқазған қаласының немесе оның бір бөлігіне бірыңғай сәулеттік келбетті беруге бағытталмаған, көп пәтерлі тұрғын үйлерге ағымдағы немесе күрделі жөндеуді ұйымдастыруға және жүргізуге тартылмайды.

4. Пәтерлер, тұрғын емес үй-жайлар меншік иелері кондоминиум объектісін басқаруға және кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күтіп-ұстауға арналған шығыстарға қатысады және Заңда көзделген міндеттерді атқарады.

5. Пәтерлердің, тұрғын емес үй-жайлардың меншік иелері кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күтіп-ұстау және кондоминиум объектісінің ортақ мүлкіне ағымдағы және күрделі жөндеу жүргізуді қоса алғанда, оның қауіпсіз пайдаланылуын қамтамасыз ету жөнінде шаралар қолдануға міндетті.

2-ТАРАУ. КӨППӘТЕРЛІ ТҮРҒЫН ҮЙЛЕРДІҢ ҚАСБЕТТЕРІН, ШАТЫРЛАРЫН АҒЫМДАҒЫ НЕМЕСЕ КҮРДЕЛІ ЖӨНДЕУ ЖӨНІНДЕГІ ІС-ШАРАЛАРДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ ТӘРТІБІ

6. Қаланың сәулет ісі жөніндегі жергілікті атқарушы органының құрылымдық бөлімшесі қаланың немесе оның бір бөлігінің бірыңғай сәулеттік келбетін әзірлеуді және бекітуді ұйымдастырады.

7. Қаланың тұрғын үй инспекциясы және қаланың сәулет ісі жөніндегі жергілікті атқарушы органының құрылымдық бөлімшесімен бірлесіп, қаланың бірыңғай сәулеттік келбетінің бекітілген тұжырымдамасы негізінде қалаға немесе оның бір бөлігіне бірыңғай сәулеттік келбетті беру үшін, қасбеттерге және (немесе) шатырларға ағымдағы немесе күрделі жөндеу жөніндегі талап ететін көппәтерлі тұрғын үйлердің тізбесі айқындалады.

8. Қалаға немесе оның бір бөлігіне бірыңғай сәулеттік келбетті беру үшін, қасбеттерге және (немесе) шатырларға ағымдағы немесе күрделі жөндеу жөніндегі талап ететін көппәтерлі тұрғын үйлердің бекітілген тізбесі негізінде қаланың тұрғын үй инспекциясы және қаланың сәулет ісі жөніндегі жергілікті атқарушы органының құрылымдық бөлімшесімен бірлесіп қалада келесі жұмыстар ұйымдастырылады:

1) қаланың немесе оның бір бөлігінің бірыңғай сәулеттік келбетінің жобасымен бекіте отырып, көппәтерлі тұрғын үйлердің пәтерлері мен тұрғын емес үй-жайларының (олар болған жағдайда) меншік иелерін таныстыру;

2) көппәтерлі тұрғын үйлердің пәтер және тұрғын емес үй-жайларының (олар болған жағдайда) меншік иелерін жоспарланған жұмыстар және оларды өткізудің болжамды мерзімдері туралы ақпараттандыру;

3) пәтер және тұрғын емес үй-жайларының меншік иелерін көппәтерлі тұрғын үйдің қасбеттеріне және (немесе) шатырларына жөндеу жұмыстарын жүргізуге келісім беру немесе келіспеу туралы шешім қабылдауға жиналыс ұйымдастыру;

9. Жиналыс пәтерлер, тұрғын емес үй-жайлар меншік иелерінің жалпы санының үштен екісінен астамы болған кезде шешім қабылдайды. Шешім пәтерлер, тұрғын емес үй-жайлар меншік иелерінің жалпы санының үштен екісінен астамы келіскен кезде қабылданады.

Жиналысты Заңда белгіленген тәртіппен, сондай-ақ жергілікті атқарушы органдардың үй-жайларында жазбаша сауалнама арқылы өткізуге болады.

Қажет болған жағдайда жиналыстар шексіз рет, сондай-ақ қалаға бірыңғай сәулет келбетін беруге мүдделі мамандар мен өзге де тұлғаларды шақырумен өткізілуі мүмкін.

10. Жиналыста теріс шешім қабылданған жағдайда, бірыңғай сәулеттік келбет беруге бағытталған осы көппәтерлі тұрғын үйге қасбетті және (немесе) шатырды жөндеу жұмыстары жүргізілмейді.

3-ТАРАУ. КӨППӘТЕРЛІ ТҮРҒЫН ҮЙЛЕРДІҢ ҚАСБЕТТЕРІН, ШАТЫРЛАРЫН АҒЫМДАҒЫ НЕМЕСЕ КҮРДЕЛІ ЖӨНДЕУ ЖӨНІНДЕГІ ІС-ШАРАЛАРДЫ ЖҮРГІЗУ ТӘРТІБІ

11. Жиналыстың оң шешімі қабылданған жағдайда, бюджеттік бағдарлама әкімшісі құрылыс нормаларының талаптарына сәйкес жұмыстардың құрамы мен көлемін белгілеу, бірыңғай сәулеттік келбет беру үшін қасбетті және (немесе) шатырды жөндеу үлгісін (ағымдағы немесе күрделі) айқындау үшін әрбір көппәтерлі тұрғын үйдің техникалық жай-күйін тексеруді ұйымдастырады.

Үйдің техникалық жай-күйін тексеру табиғи тозу дәрежесін белгілеу мақсатында орындалады.

12. Үйдің техникалық жай-күйін тексеру қорытындысы бойынша бюджеттік бағдарлама әкімшісі ағымдағы жөндеудің сметалық есебін әзірлеу немесе күрделі жөндеуге жобалау-сметалық құжаттаманы дайындау жұмыстарын ұйымдастырады, кейіннен жергілікті бюджет қаражаты есебінен тиісті жобалар бойынша сараптама қорытындысын алады.

13. Тексеру және жобалау тиісті лицензиялары бар мамандандырылған ұйымдардың күшімен орындалады.

14. Күрделі жөндеу жөніндегі жұмыстарды жобалау және ағымдағы жөндеудің сметалық есебін әзірлеу кезінде қолданыстағы заңнаманы және нормативтерді басшылыққа алу қажет.

15. Қағидаларының 7-тармағына сәйкес айқындалған, тиісті сараптамадан және (немесе) көппәтерлі тұрғын үйлердің қасбеттерін және (немесе) шатырларын ағымдағы жөндеудің сметалық құнынан өткен күрделі жөндеу жобалары бекітілгеннен кейін бюджеттік бағдарлама әкімшісі бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті орган айқындаған тәртіпке сәйкес бюджеттік өтімін жасайды және ұсынады.

16. Бірыңғай сәулеттік келбет беруге бағытталған көппәтерлі тұрғын үйлердің қасбеттерін, шатырларын ағымдағы немесе күрделі жөндеу жөніндегі жұмыстарды алу мемлекеттік сатып алу туралы заңнамаға сәйкес бюджеттік бағдарлама әкімшісімен іске асырылады.

17. Бірыңғай сәулеттік келбет беруге бағытталған, көппәтерлі тұрғын үйлердің қасбеттерін, шатырларын ағымдағы немесе күрделі жөндеу жөніндегі жұмыстарды қабылдау техникалық қадағалауды жүзеге асыратын тұлғаларды тарта отырып, кондоминиум объектісін басқару органымен бірлесіп, тапсырыс беруші жүзеге асырады.

4-ТАРАУ. ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕ

18. Жезқазған қаласына бірыңғай сәулеттік келбет беруге бағытталған, көппәтерлі тұрғын үйлердің қасбеттерін, шатырларын ағымдағы немесе күрделі жөндеу жөніндегі іс-шараларды қаржыландыру жергілікті бюджет қаражаты есебінен жүзеге асырылады.

COVID-19

ӘР АДАМ БІЛУІ ТИІС

коронавирустың ауру белгілері

COVID-19 вирусы: АӨРС (ауыр өткір респираторлық синдром) вирус-қоздырғышымен туыстас болып табылатын бета-коронавирус болып табылады. Инкубациялық кезеңі – 2-14 күн.

Балалардағы диагностикалық критерийлер
Шағымдар: дене қызуының көтерілуі; жөтел; бастың ауруы (жіт жасы үлкен балаларда); диарея; әлсіздік, сылбырлық, жеңіл сырқаттану
Ауыр өткен кезде: құрғақ жөтел; демігу; жиіленген және қиынына тыныстау; жүрек соғуының жиіленуі.
Балалардың ауыр сырқаттану тәуекелінің факторлары: 1 жасқа дейінгі балалар; дене салмағы жеткіліксіз (30%-дан аса), рахитпен, темір тапшылығы анемиясымен, колка мөлкісімен ауыратын, жүрек ақауы, эндокриндік, шығару жүйелерінің паталогиясы, гемоглобинопатия, метаболикалық синдром, онкоаурулары бар балалар; әртүрлі генезді имун тапшылығы жағдайы (пневмония 1,5 есе жиірек тіркеледі); коинфекция (риносинтиалды вирус, риновирус, боксавирус, аденовирус), бұл ауруды қиындағанды және респираторлық жолдың төменгі бөлімдерінің зақымдануына әкеледі (пневмония, бронхолит)
Ересектердегі диагностикалық критерийлер
Шағымдар: аурудың өткір басталуы; дене қызуының көтерілуі; жалпы әлсіздік; миалгия және дененің сырқырауы; бастың ауруы; мұрынның бітуі және тұмаурату; тамақтың жыбырлауы;

жөтел (құрғақ немесе азғантай қақырықпен); кеуде қуысы бітеліп қалғандай сезіну; дәмді және иісті сезінудің бұзылуы; диарея; конъюнктивит; бөртпе
Ересектерде аурудың ауыр өтуі мен асқынуды тәуекелінің факторлары: 60 жастан жоғары; ҚЖА (артериялық гипертония, СЖЖ және т.б.) болуы; тыныс алу жүйесінің созылмалы ауруларының бар болуы (ӨСОБ, БД, өкпедегі фиброздық өзгерістер және т.б.); эндокринопатиялар (қант диабеті, метаболизмдік синдром, семіздік және т.б.); имунитет тапшылығы жағдайлары (онкологиялық, гематологиялық аурулар, имундық-супрессивті емделудегі аурулар және т.б.); басқа да ауыр созылмалы аурулар (БСА және т.б.) жүктілігі.
Ауыр өткен кезде: Енгігу (қарау мезетінде немесе аурудың динамикасында); тыныстың тарылуы; жүрек соғуының жиілеуі; жүректің айнуы, құсу (сирек)
БІЛУ МАҢЫЗДЫ!
Балаларда COVID-19 симптомдары, әдетте, үлкендерге қарағанда азырақ білінеді және негізінен жөтел мен қалшылдау түрінде білінеді, бұдан басқа, аралас жұқпа байқалады;
Жүкті және жүкті емес әйелдерде немесе репродуктивті жастағы ересектерде COVID-19-дың клиникалық көрінулерінің арасында белгілі айырмашылықтар жоқ.

COVID-19 жұқпасы күдікті немесе расталған жүкті және жұырда босанған әйелдердің жүктілік кезінде және босанғаннан кейін иммунологиялық және физиологиялық беймәделу процесстерін ескерумен қолдау және симптоматикалық ем жүргізуі.
Респираторлық симптомдар жоқ кезде келесі қағидаларды ұстанған жөн. Адамдар топтанып жиналған жерлерге және жабық, іші толы кеңістіктерге бармау; COVID-19-дың респираторлық симптомдары (мысалы, жөтел, түшкіру сияқты) бар кез келген адамнан кемінде 1 метр қашықтықты ұстану; Егер қол көзге көрінетіндей кірлеген болмаса құрамында спирт бар зарарсыздандыру құралдарын пайдаланып, гигиеналық өндеуді жиі жүргізу, ал кір болған жағдайда – қолды сабындап жуу; Жөтелген және түшкірген кезде ауыз бен мұрынды шынтақтан бүгілген қолмен немесе орамалмен жабу; сосын орамалды бірден лақтырып, қолды гигиеналық өндеу; мүмкіндігінше ауыз бен қолды ұстамау;
Осы қарапайым сақтық шараларын ұстану арқылы әркім өз өмірін қауіпті дерттен қорғай алады. «Сақтықта қорлық жоғын» ұмытпай, сау жүріңіз!
Мадина НИЯЗБЕКОВА, «Көшімбаева» отбасылық-дәрігерлік орталығының жалпы тәжірибелі дәрігері

САҚ БОЛСАҢ, АУРУ ДА ЖОЛАМАЙДЫ

Бүгінгі таңдағы басты мәселенің бірі – коронавирус. Тәжтажал туралы әр хабарды елендей тосып отырғанымыз рас. Көптен басылыққырап, сәл-пәл азайғандай болған жаман індеттің жалыны қайтадан өрши бастады. Біздің аймағымызда да ауырып жатқандар күн сайын көбейіп жатыр. Осыдан бірер күн бұрын ғана Қазақстан коронавирустың таралуы бойынша «қызыл» аймаққа енді деген хабарды естіп, одан сайын жабырқап қалдым. Өмір бір орнында тұрмасы анық. Бәрінің де шегі мен шеті болады. Тәңірдің жазуымен бұл өмірден көрген қызығым жетерлік. Азаттықта күн кешкен елім мен оның әрбір ұл-қызының амандығы мен үшін айрықша маңызды. Жасарын жасап, асарын асаған біз секілді егде жастағы кісілердің қай-қайсына да ауруға төтеп беру оңай болып жатқан жоқ. Дегенмен, тілегіміз – балаларымыздың амандығы. Солардың дені сау, тірліктері алаңсыз болса, одан асқан бақыт жоқ. Инфекциялық стационарға түсіп жатқан жастар мен балалардың жағдайын есіме алсам, еңсемді ауырлық, көңілімді өкініш билейді. Жастар жұмыс істейді. Күнделікті күйбелдері де көп. Сондықтан да олардың ауру жұқтыру қаупі жоғары. Оларға барынша сақтанып жүр дегеннен басқа амалымыз жоқ. Дегенмен, осы тұста кіжінетін тағы бір жайт бар. Ол той-томалақ жағалаған кемпір-шалдардың санының да азаймай тұрғандығы. Жастың аты – жас қой, отбасын асырау керек, шұғыл шаруалары шыққыш келеді. Ал қария да қадір тұтар, ақсақал деп асқатататын үлкендеріміз «қой!» деп айтудың орнына өздері секендеп той, шеке жағалап жүрген де жастарға не бетімізді айтпақызы?!
«Бар жиган-тергенім тойға шашылсын» дейтін тойшыл, думаншыл, сауықшыл ұлт екеніміз рас. Өйткенмен, бүгінгі уақыт Абай айтқан «Асау той, тентек жыын, опыр-топырдың» уақыты емесі анық. Уақыт тоқтап қалмаған соң, қыбырлаған тіршіліктің барлығының өмірі жалғаса береді. Біреудің баласы

үйленеді, екінші біреулердің шаңырағы кеңейіп, өмірге ұрпағы келеді. Ал біреудің жақыны дүниеден өтеді. Түрлі себеп бар. Бұлардың қай-қайсысында да қаймана қазақтың үйі кісіге толатын. Осыдан түрлі дәстүр мен гұрып, жөн-жоралғы жолы қалыптасқан. Тек осыны қазір ұмыта тұрғанымыз абзалырақ. Ішімізден аурудың қаупін, таралу жолдарын бәріміз де білеміз. Тек ел не айтады дегенмен басымызды қауіпке тігіп, қайтсе де отырыс, басқосу ұйымдастырғанды жөн көреміз. Бет моншағы сылдыраудың соны тым қорқынышты, тым қауіпті болуы мүмкін екенін ескермейміз. Жиынға жұртты шақырғышымыз. Келмесе көңіліміз кінәсі кімге артылмақ? Көптің көз жасына себеп болған сенің қуанышыңның арты жақсы болады деп ойлайсың ба?! Бұны естен шығармаған абзал. Осы тұста үйіндегі бала-шағасына басу айтып, соңынан ергендерге үлгі болудың орнына, жас жігітті желпілдеп, желекпелене жосып жүретін қатарластарыма ренжулімін.
Айналайын, балаларым, сендердің мөлдіреген жанарларын тек менің ғана емес, еліміздің бақыты. Сол жанардың артында қаншама ел болашағы тәрбиеленіп жатыр. Ендеше, солардың болашағын жарқын етейік. Ол үшін олардың қауіпсіздігін қорық. Тәубе, ел астаң-кестен емес, тек аурудан төнген қауіп азаймай тұр. Білік басындағылар, дәрігер мамандар жайдан-жай дабыра жасап жатқан жоқ. Қауіп бары рас. Оның емін әлі ешкім тапқан жоқ. Тәжтажалдан құтылуың жалғыз жолы сақтау ғана болып тұр. Сол үшін қоғамдық орындарға көп бармай, әлеуметтік арақшықтықты қатан сақтап, масканы тастамай жүре тұрайық. Жақсылықтан күдер үзбейік. Жақсы үміт жанға медеу болсын.
Қадыр ҰНІТБАЕВ, қоғамдық кеңестің мүшесі, еңбек ардагері

ҚАЗАҚСТАНДА КОРОНАВИРУС ВАКЦИНАЦИЯСЫ МІНДЕТТІ МЕ?



Қазақстанда вакцинация ерікті болып табылады. ҚР «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Қодексінің 77-бабына сәйкес кез келген медициналық ем-шара, оның ішінде вакцинация егілетін адамның тек ақпараттандырылған келісімімен ғана жүргізіледі. Қазақстанда вакцинациядан бас тартқаны үшін әкімшілік немесе қылмыстық жауапкершілік көзделмеген, кез келген қысым көрсету заңсыз болып табылады.
Қазақстан Республикасында қандай да вакцина қолданылады?
2021 жылғы 1 ақпаннан бастап ҚР-да Ресейде шығарылған Гам-КОВИД-Вак («Спутник V») вакцинасын пайдалана отырып, ҚВИ-ға қарсы вакцинация басталады. Одан әрі 15 ақпаннан бастап вакцинациялау процесіне Қарағанды фармацевтикалық кешенінің базасында өндірілген Гам-КОВИД-Вак вакцинасы қосылатын болады. 2021 жылдың 2 тоқсанынан бастап вакцинациялау процесіне отандық өндіріс - QazCovid-In препаратын қосу жоспарланып отыр, бұл вакцина қазіргі уақытта клиникалық сынақтардың 3-кезеңінен өтуде.
Коронавирусқа қарсы вакцинаны кім ала алады?
Вакцинациялау вакцинаның келіп түсуіне байланысты кезең-кезеңмен жүзеге асырылады. Бұл ретте, бірінші кезекте, коронавирус инфекциясы жұқтыру және тарату тәуекелі жоғары халықтың осал топтары коронавирус инфекцияға қарсы вакцинациялауға жатады, одан әрі имундауға жататын халықтың осал топтары қамтылады.
Бірінші кезеңде инфекциялық аурулар ауруханаларының, жедел медициналық көмек, реанимация, МСАК, қабылдау бөлмелерінің медицина қызметкерлері, санэпидкызмет қызметкерлері вакцинациямен қамтылады. Екінші кезеңде жалпы білім беретін мектептердің, жоғары оқу орындарының педагогтарын, бірінші кезеңге кірмеген медициналық қызмет қызметкерлері вакцинациялаумен қамтылады. Үшінші кезең мектеп-интернаттардың, мектепке дейінгі мекемелердің педагогтары, студенттер мен созылмалы аурулары бар адамдар қамтылады.

мүмкін емес. Адамның организмі кез-келген вакцинаны енгізуде имунитетті қалыптастыратынын, сондай-ақ имундаудан кейін дене температурасының қысқа мерзімді жоғарылауы, вакцина орнында қызару мен ісіну сияқты жағымсыз көріністердің пайда болатынын атап айту маңызды.
Адамда коронавирус инфекциясына аллергиялық реакцияның болуы мүмкін бе?
Медицина қызметкерлері кез-келген вакцинаны салмас бұрын адамның аллергиясы бар-жоғын анықтайды. Егер ауыр аллергиялық ауру болса, адамға вакцина салу медициналық тұрғыдан бас тартылады. Бұл ретте, аллергиялық реакцияны болжау мүмкін емес, себебі әрбір адамның организмі әртүрлі. Уақтылы ден қою үшін адам вакцинация алғаннан кейін алғашқы 30 минут ішінде (медициналық мекеменің қабырғасында) дәрігердің бақылауында болуы керек: дәл осы аралықта вакцинаға аллергиялық реакция болуы мүмкін.
Ресейде вакцина алған адамдарға күнделікті телефон арқылы хабарласып, зерттеп-қарау жүргізіледі. Бізде де осындай техникалық сәттер қарастырылған ба?
Вакцина алған барлық адамдар алғашқы 30 минут бойы медициналық мекеменің қабырғасында, дәрігердің бақылауында болады. Ордан әрі 3 күн бойы, тіркелген жерлері бойынша учаскелік дәрігерлердің бақылауында болады. Бұдан басқа, вакцина алған әрбір адамның қолына вакцинаның ықтимал кері әсерлері көрсетілген және мұндай әсерлер орын алған жағдайда хабарласа алатын емханалардың телефон нөмірлері көрсетілген арнайы жадынама беріледі.
Балаларға коронавирусқа қарсы вакцина егіле ме?
«Спутник V» вакцинасын 18 жасқа дейінгі балаларға қолдануға болмайды. Екпені тек ҚР 60 жасқа дейін кәсіптікпен тоқсан азаматтары ғана ала алады. Қазақстанда өндірілген вакцина қазіргі уақытта клиникалық сынақтың 3-ші кезеңінен өтуде. Бүгінгі күні отандық вакцина жөніндегі бекітілген нұсқаулық жоқ, сондықтан осы вакцина бойынша контингент анықталуда.

аз мөлшерін өндіруге байланысты қысқа қорғаныс әсерін береді. Екінші доза біріншісінің әсерін күшейтеді және нығайтады, адам организміндегі антиденелер саны артады.
Ресейлік «Спутник V» вакцинасының сапасы жеткілікті деңгейде тексеруді өткізі ме?
Аталған вакцина Ресей Федерациясында мемлекеттік тіркеуден өтті және бірнеше ай бойы халықтың осал топтарын имундау үшін қолданылып келеді. Ресей Федерациясының Тікелей инвестициялар қорының мәліметтері бойынша бұл вакцинаны сатып алуға 50-ге жуық мемлекет өтініш берген, ал кейбір елдер (Беларуссия, Аргентина, Сербия) қазірдің өзінде оны сәтті қолдануда.
Қолданыстағы заңнамаларға сәйкес, Қазақстан Республикасының аумағына тіркелмеген дәрілік заттарды әкелу кезінде дәрілік заттың сапасын растайтын өндірушінің қазақ немесе орыс тілдеріне аудармасы бар құжатының электрондық көшірмесі болуы қажет (талдау сертификаттары немесе сынақ есебі немесе сапаны бағалау көрсеткіштері бар сапа паспорты). Қазіргі уақытта Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2020 жылғы 15 желтоқсандағы №850 қаулысымен Қазақстан Республикасында өндірілген COVID-19 коронавирусына қарсы вакциналарды уақытша мемлекеттік тіркеу ережелері бекітілді.

Ресейден басқа тағы қандай вакцина өндірушілері елдермен ынтымақтастық туралы келіссөздер жүргізілуде?
Қазіргі уақытта ҚР Денсаулық сақтау министрлігі «Sinovac», «Sinopharm» (Қытай), «Pfizer» (АҚШ) қоса алғанда, коронавирус инфекцияға қарсы вакцина өндіріші бірқатар мемлекеттермен келіссөздер жүргізуде.
Біздің елімізде қандай вакциналар әзірленуде?
Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы тіркелген коронавирус инфекцияға қарсы вакциналар арасында Қазақстан өндірісінің 5 үміткер вакцинасы бар. Біріншісі – клиникалық зерттеулер кезеңінде тұрған Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Ғылым комитетінің Биологиялық қауіпсіздік проблемалары ғылыми-зерттеу институты (бұдан әрі - БҚП ҒЗИ) әзірлеген инактивті вакцина. Қалған төртеуі:
1) Қазақ ұлттық аграрлық университеті Оғайы шпатының университетімен бірлесіп (АҚШ);
2) Қазақ ұлттық аграрлық университеті;
3) М. Айтқұлов атындағы аса қауіпті инфекциялар ұлттық орталығы;
4) БҚП ҒЗИ әзірлеп жатқан және клиникаға дейінгі зерттеулер сатысындағы суббірлік вакцина.

адамды чиптеумен байланысты емес. Вакцинация жасамас бұрын, әрбір адам вакцина құрамы туралы ақпарат беретін нұсқаулықпен танысуға құқылы.
Неіктен коронавирус инфекцияға қарсы вакцина тез әзірленді?
Пандемия кезеңінде осы вакцинаға аса қажеттілік туындады. COVID-19 вакцинасын әзірлеу бүкіл әлемде коронавирус инфекцияны жаппай жұқтыру және адамның жаппай өлімі орын алғандықтан, аса шұғыл жағдайда өтті. Бұдан басқа, фармацевтикалық компаниялар проблеманың ғаламдық деңгейде болуына байланысты вакцинаны тез әзірлеуге айтарлықтай ресурстар жұмсады. Бірақ оның жылдам әзірленуі компаниялардың қауіпсіздік хаттамаларын айналдыртып өтті деген сөз емес.
Н.Ф. Гамалей атындағы ЭЖМҒЗО-ның «Спутник V» вакцинасына келетін болсақ, ол алдыңғы әзірлемелерге сүйене отырып жасалды. Орталық пандемияға дейін SARS-CoV-2 коронавирусы да жатқызылған РНҚ бар қабықты вирустарға қарсы вакциналар мен препараттар жасаудың технологиялық платформасын ашқан болатын.
Бүгінгі таңда әлемде қобашшылар мен танымал тұлғалардың қайсысы коронавирусқа қарсы екпе алды?
АҚШ-та вакцинаны жаңадан сайланған президент Джо Байден алды – ол 78 жаста және тәуекел тобына жатады. Байденге Pfizer және BioNTech вакцинасы егілді.
Гвинея Президенті Альфа Конде «Спутник V» вакцинасымен егілген елдің алғашқы қобашшысы. Сондай-ақ, елімізде жоғары лауазымды 19 тұлға, оның ішінде Қорғаныс министрі егілді.
Аргентина президенті Альберто Фернандес Ресейде өндірілген «Спутник V» вакцинасымен коронавирус инфекцияға қарсы вакцинация жасады. Президентке дейін Буэнос-Айрестің Денсаулық сақтау министрі Даниэль Голлан вакцинацияланды.
Венесуэла президентінің ұлы Николас Мадуро Герра Ресейде өндірілген «Спутник V» вакцинасымен коронавирусқа қарсы егілді.
Түркия президенті Режеп Ердоған CoronaVac қытай препаратымен коронавирус инфекцияға қарсы егілді. Алғашқы егуді Түркия Денсаулық сақтау министрлігінің басшысы Фахреттин কোжа жасатты.
Ватиканда 84 жастағы Рим Папасы Франциск пен 93 жастағы Рим Папасы Бенедикт XVI Pfizer вакцинасымен егілді.
Актер және Калифорнияның бұрынғы губернаторы Арнольд Шварценегер Pfizer және BioNTech вакцинасымен коронавирусқа қарсы егілді. Американдық деректі кинорежиссер Оливер Стоун Ресейде өндірілген «Спутник V» коронавирус инфекциясына қарсы вакцина жасатты.
Қазақстанда коронавирусқа қарсы отандық вакцинаны алғашқылардың бірі болып ҚР Білім және ғылым министрі Асхат Аймағамбетов алды. Сондай-ақ, еріктілердің қатарында ҚР Президентінің көмекшісі Ерлан Қарин, Жамбыл облысының әкімі Бердібек Сапарбаев вакцина алды.

Infographic titled 'ҚАЗАҚСТАНДА КОРОНАВИРУСҚА ҚАРСЫ ЖАППАЙ ВАКЦИНАЦИЯ 2021 ЖЫЛҒЫ 1 АҚПАҢДА ҚИЛЫНАДЫ'. It details the rollout of COVID-19 vaccines in Kazakhstan, including the 'Sputnik V' vaccine. Key points include: 1. Vaccination is voluntary. 2. The rollout starts with high-risk groups and healthcare workers. 3. 'Sputnik V' is available from February 1st. 4. Vaccination is free of charge. 5. A digital passport system is being implemented. 6. The vaccine is safe and effective. 7. A digital passport will be issued to those vaccinated. 8. The vaccine is available in 15 regions. 9. The vaccine is available in 15 regions. 10. The vaccine is available in 15 regions. The infographic also includes a QR code and contact information for the Ministry of Health.